

СПОРТ САЛАСЫНА РЕФОРМА ҚАЖЕТ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы 23 қыркүйек пен 8 қазан аралығында Қытайда өткен XIX жазғы Азия ойындарының жүлдегерлерін қабылдады.

Мемлекет басшысы спортшыларды жүлделерімен құттықтады. Сондай-ақ жуырда Ризабек Айтмұхан еркін күрестен қазақтан шыққан тұңғыш әлем чемпионы атанғанын еске салды.

Бәсеке өте жоғары болған Азиада ойындарында ел құрамасы 10 алтын, 22 күміс, 48 қола медаль иеленді. Атлеттеріміз нысана көздеу, ескек есу, веложарыс, джиу-джитсу спортынан үздік шықты. Мемлекет басшысы қаратәден жалпыкомандалық есепте бірінші орын алған Қазақстан құрамасын ерекше атап өтіп, осы спорт түрінен Азиадаға қатысқан 8 спортшының бәрі жеңіс тұғырына көтерілгеніне назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев спортшыларымыздың жеңіске жетуіне бапкерлер және басқа да мамандар айрықша үлес қосқанына тоқталды. Осы орайда Мемлекет басшысы спортта жеңіс пен жеңіліс қатар жүретінін атап өтті.

— Қажырлы еңбек пен жеңіске деген мұқалмас ерік-жігердің арқасында әрқайсыңыз

жоғары нәтижеге қол жеткіздіңіздер. Алайда еліміздің жалпы көрсеткіші өткен Олимпиада мен Азиада ойындарынан да өте жақсы болуы мүмкін еді. Мұны ашық айтуымыз керек. Бокс, ауыр атлетика, еркін және грек-рим күресі дәстүрлі түрде ел құрамасының қоржынына жүлде салып, айтарлықтай үлес қосатын. Жеңіл атлетика, спорттың командалық түрлері жанкүйерлерімізді көбірек қуанышқа бөлейтін. Барлық спорт түрі бойынша кеткен қателіктерді түзету үшін ауқымды жұмыс атқару қажет, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев спорт саласы әрдайым мемлекеттің назарында болатынын айтты. Жыл сайын спортты дамыту үшін қолма қол жұмыс бөлінеді. Алайда Президенттің пікірінше, еліміздің кәсіби спорттағы көрсеткіштері аса жоғары деңгейде емес.

— Ашығын айтуымыз керек, нәтижеміз мемлекеттен бөлініп жатқан қаражаттың барынша тиімді жұмсалмайтынын көрсетеді. Мұндай жағдайға жол беруге болмайды. Спорт саласына түбегейлі өзгерістер, яғни реформа қажет. Тиісті министрлік осы мәселені жан-жақты қарап, спортты дамытудың мүлде жаңа жолдарын ұсынуы керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚАНДАСТАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ДАМИ ТҮСЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Отандастар» форумына қатысушыларға үндеу жолдады.

Президент жиынға қатысушыларды «Отандастар» форумының ашылуымен құттықтады.

— Бұл — халқымыз үшін айрықша мәні бар басқосу. Қазаққа «Келісіп пішкен тон келте болмас» деген сөз бар. Ата-бабамыз қашанда елдік мәселелерді алқалы жиында ақылдасып шешкен. Осы орайда шетелдегі қазақтармен жан-жақты байланысты нығайту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және басқа да өзекті мәселелерді өздеріңізбен бірге талқылаудың маңызы зор. Қай мемлекетті мекен етсе де, қазақтың бір ғана тарихи Отаны бар, ол — Қазақстан. Сондықтан біз шетелде тұратын бауырларымызды қолдауға

қашанда баса мән береміз. Олардың Атажұртқа қоныс аударуына барлық жағдай жасалған. Қазақстан азаматтығын және қандас мәртебесін алу тәртібі жеңілдетілді. Шетелдегі қазақ кәсіпкерлері үшін «Ата жолы» картасы енгізілді. Басқа да маңызды жұмыстар атқарылуда. Қандастармен қарым-қатынасты дамыта түсуге бағытталған осындай шаралар жалғаса береді, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға әлемнің әр түкпірінен арнайы келген қандастарымыз бен мәртебелі меймандарға алғыс айтып, аталған басқосуда алыстағы ағайынмен байланысты нығайтуға септігін тигізетін саликалы ой, салмақты пікірлер айтылатынына сенім білдірді.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы жиын қатысушыларына зор денсаулық, бақ-береке тіледі.

ӨНІМСІЗ ДЕЛДАЛДАРМЕН КҮРЕС ЖҮРГІЗУ МАҢЫЗДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті. Жиында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі проблемалар қарастырылды.

Отырыс барысында елдің азық-түлік тәуелсіздігін нығайтуға қатысты бірқатар мәселе талқыланды.

бейімделген меншікті тұқым қорын құру үшін жаңа тәсілдер қажет.

Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы саласына көрсетілетін мемлекеттік қолдау шараларына ерекше назар аударылды.

— Субсидиялау агроөнеркәсіп кешеніндегі өнімділікті арттыруға ықпал етуге тиіс. Субсидияны бөлу кезінде өнімділік ерекшеліктері, егіс алқаптарының көлемін және ауыл шаруашылығы дақыл-

ПРЕЗИДЕНТ ҮНДЕУ ЖОЛДАДЫ

Президент Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі хатшылығының XXI отырысына қатысушыларға үндеу жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушыларды Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі хатшылығының XXI отырысының ашылуымен құттықтады.

— Биыл — алғашқы съездің шақырылғанына 20 жыл. Бұл игі бастама өзінің өміршеңдігін дәлелдеп, аз уақыт ішінде маңызды өркениетаралық диалог алаңына айналды. Форум дінаралық татулық пен келісімді нығайтуға, бүкіл адамзатқа ортақ түйткілдердің шешімін табуға және толеранттылықты дәріптеуге септігін тигізіп келеді. Басқосу аясында әлемнің рухани көшбасшылары жаһан жұртын алаңдатқан өзекті мәселелерді талқылап, бейбітшілікті сақтау және өзара құрмет пен сыйластықты насихаттау туралы ойларын ортаға

салады. Қазір геосаяси ахуал ушығып, түрлі сын-қатер күшейіп тұр. Осы алмағайып кезеңде ізгілік, мейірімділік, бауырмалдық, жауапкершілік сияқты қағидаттардың қадірі арта түсті. Сондай-ақ халықаралық қауіпсіздіктің жаңа жүйесін қалыптастыру өте маңызды мәселеге айналды. Ол үшін әлем халқын бейбітшілікке шақыратын жаңа жаһандық қозғалыс қажет. Бұл ретте дін көшбасшылары айрықша рөл атқарады, — деді Мемлекет басшысы.

Президент хатшылықтың бүгінгі отырысы мазмұнды әрі табысты өтетініне сенім білдірді. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан дінаралық және өркениетаралық ынтымақтастыққа негіз болатын бастамаларға әрдайым қолдау көрсететінін, оны сыртқы саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде ұстанатынын атап өтті.

Президент жиын қатысушыларына алғыс айтып, олардың ізгілік жолындағы істеріне толайым табыс тіледі.



Жиынның күн тәртібіне сәйкес Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғарин сөз сөйледі. Сондай-ақ қабылданған және жоспарланған шаралар туралы бірқатар уәкілетті мемлекеттік орган басшылары есеп берді.

Талқылау нәтижесі бойынша Мемлекет басшысы халықты қолжетімді әрі сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесін негізгі басымдық ретінде атап өтті.

Азық-түлік тауарларын өндіру мен сатудың барлық сатысында баға белгілеудің ашық болуы, өнімсіз делдалдармен күрес жүргізудің маңызды екеніне назар аударылды.

Демографиялық үрдістерді ескере отырып, азық-түліктің физикалық тұрғыда қолжетімділігінің перспективалары еңбек өнімділігінің өсуіне, ауыл шаруашылығы мен отандық аграрлық ғылымның жаңғыруына тікелей байланысты екені атап өтілді.

Жерді тоздан қорғау шараларын жандандыру өзекті мәселе болып отыр. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаңарту процесін жүйелі түрде ұйымдастыру және жергілікті жағдайға

дарын таңдауды ескерген жөн, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент азық-түлік өнімдерін өндірумен айналысатын шаруалар мен кәсіпорындарға мемлекеттік қолдау көрсетуді талап ететін экономикалық конъюнктураны өзгертуге жедел назар аудару қажеттігіне назар аударды.

Ауыл шаруашылығы өндірісіне инфрақұрылым тұрғысынан қолдау көрсету ісі (ауылда жұмыс орнын ашу, фитосанитариялық және ветеринариялық қорғау жүйесінің тиімділігін арттыру) арнайы мәселе ретінде қарастырылды.

Бұл ретте құқық қорғау органдарына ауыл шаруашылығы мақсатына арналған субсидиялар мен жерлерді бөлу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмыстарын жалғастыру тапсырылды.

Мемлекет басшысы жиын соңында Үкімет пен уәкілетті органдарға азық-түлік тәуелсіздігін нығайту, азық-түліктің экономикалық тұрғыда қолжетімді болуын арттыру және отандық агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін анағұрлым толық іске асыру жөнінде нақты тапсырмалар берді.



Ұласбек СӘДІБЕКОВ,
Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі:

ЕҢБЕК ЖОҒАРЫ БАҒАЛАНУҒА ТИІС

Қай мемлекет болмасын өзінің экономикалық жағынан дамуымен қуатты болады. Сол арқылы халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы жақсарады. Мемлекет басшысы биылғы Қазақстан халқына Жолдауында бүгінгі қоғамымызды дамытудың басты бағыттарына назар аударды. Соның бірі — экономика. Жолдауда экономиканы әртарапандыру бұрынғыдан да маңызды екені атап өтілді. Еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономиканы өзімізді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету — қазіргі ең басты міндет ретінде аталды. Онда «Экономикалық саясаттың іске асырылуына Үкімет толығымен жауап береді. Бюрократияға және сөзбұйдаға салынбай, Президент Әкімшілігіне жалтақмай, экономиканы дербес басқарудың барлық әдіс-тәсілін қолында ұстауға тиіс», — деген еді Мемлекет басшысы. Осы бір тақырып төңірегінде Парламент Мәжілісінің депутаты Ұласбек Сәдібековпен сұхбат құрған болатынбыз.

(Жалғасы 4-бетте)

БОНУСЫ МҰНША, АЙЛЫҒЫ ҚАНША?



4
БЕТ

ҚҰЛАНДАР ҚАЙТА ЖОРТАДЫ



7
БЕТ



СПОРТ САЛАСЫНА РЕФОРМА ҚАЖЕТ

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы жуық арада спортты дамыту үшін қабылдануға тиіс нақты шараларға тоқталды. Президенттің айтуынша, ең алдымен кәсіби спорт түрлеріне бөлінетін қаражаттың қайтарымын түбегейлі арттыруға көңіл бөлген жөн. Өңірлердің ерекшеліктеріне сәйкес, нақты спорт түрлеріне баса назар аударып, қаржыны негізсіз жұмсау тәжірибесін тоқтату қажет. Сонымен қатар бұқаралық спорт пен денешынықтыруды дамытуға көңіл бөле отырып, аталған саланы қаржыландыру моделін қайта қараған дұрыс.

Президент спорт саласын басқару сапасын жақсартуды келесі басымдық ретінде атап өтті.

— Туризм және спорт министрлігі, Ұлттық олимпиада комитеті (ҰОК) және федерациялар арасында үйлесім жок. Спортты басқару институттарының қызметі мен өзара ықпалдастығына қатысты бүкіл жүйені қысқа мерзімде қайта қарау қажет. ҰОК-нің қызметін жетілдіру ісіне де назар аудару керек. Туризм және спорт министрлігі, ҰОК және федерациялардың жұмысын үйлестіруді түбегейлі жолға қою керек. Тіімді байланыстың, ықпалдастықтың және өзара жәрдемдесудің болмауы жақсы нәтижеге жеткізбейді, яғни жеңіліске әкеп соқтырады. Париж Олимпиадасы қарсаңында мұндай келенсіздікке жол беруге болмайды. Мемлекеттің бюджетінен қаржыландырылатын спорт



федерацияларының қызметіне ревизия жасау қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Президент ұлттық құраманың дайындық деңгейін арттыру мәселесін негізгі міндеттің бірі ретінде атады. Мемлекет басшысының пікірінше,

атлеттеріміздің жоғары деңгейде дайындалуы үшін спорт медицинасы мен фармакология бағытындағы заманауи инфрақұрылыммен жабдықтау маңызды. Бұл жерде Ұлттық спорт университеті негізгі рөл атқарады. Сондықтан оның құрылысын жылдамдату керек. Спорт саласында

әлемдік деңгейдегі төрешілерді дайындауға күш салу қажет. Сондай-ақ жаттықтырушылар мен басқа да спорт мамандарының жалақысын көтеріп, қосымша әлеуметтік қолдау шараларын қабылдаған жөн.

Мемлекет басшысы спортшылардың резервін даярлау мәселесіне арнайы

тоқталып, Үкімет пен әкімдер дарынды әрі болашағынан зор үміт күттіретін атлеттерге қолайлы жағдай жасауға тиіс екенін айтты.

— Елімізде үздік нәтижеге қол жеткізу үшін барын салып, еңбек етуге әзір қыз-жігіттер жеткілікті. Легионерлерге иек арта бермей, өзіміздің спортшыларға жол ашуымыз керек. Фаворитизм мен әділетсіздіктің кез келген түріне тосқауыл қойып, іріктеудің ашық және шынайы өткізілуін қамтамасыз ету аса маңызды. Халықаралық жарыстарда ел намысын үздіктердің үздігі ғана қорғауы керек. Отандық спортқа әділеттілік қағидаты мен бәсекенің шынайылығы бірінші орында тұруға тиіс, — деді Президент.

Сонымен қатар жиында 2023 жылғы XIX жазғы Азия ойындарының стэнд атаудан екі дүркін жеңімпазы және қола жүлдегері Әсем Орынбай, каноэ және байдарка есуден XIX жазғы Азия ойындарының жеңімпазы және күміс жүлдегері Сергей Емельянов, еркін күрестен әлем чемпионы Ризабек Айтмұхан, қаратөден XIX жазғы Азия ойындарының жеңімпазы Нұрқанат Әжіқанов, нысана көздеу спортынан ұлттық құраманың бас бапкері Ольга Довгун сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы сөзінің соңында өткен жарыстардағы олқылықтардан нақты сабақ алып, алдағы Париж Олимпиадасына тыңғылықты дайындалуға шақырды. Президент спортшыларға және бапкерлер корпусының жұмысына табыс тіледі. Содан кейін спортшыларға Қазақстан Республикасы Президентінің алғысхаты табысталды.

ӘЛЕМ ХАЛҚЫН БЕЙБІТШІЛІККЕ ШАҚЫРАТЫН ЖАҢА ЖАҒАНДЫҚ ҚОЗҒАЛЫС КЕРЕК

Кеше Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі хатшылығының XXI отырысы өтті. Онда әлемнің 23 елінен келген дін лидерлері мен өкілдері Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезінде қабылданған Декларациядағы мақсат-міндеттердің іске асырылу барысын талқылады. Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленген съездің 2023–2033 жылдарға арналған даму Тұжырымдамасы бекітілді. Бейбітшілік және келісім сарайында өткен іс-шараға ислам, христиан, иудаизм, буддизм, индуизм, даосизм, синтоизм және тағы басқа діндер мен халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты.



Отырысты ашқан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы — Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі хатшылығының Басшысы Мәулен Әшімбаев ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың кездесуге қатысушыларға арнаған үндеуін оқып берді. Мемлекет басшысы 20 жылдың ішінде съездің дінаралық татулық пен келісімді нығайтуға және толеранттылық пен өзара қолдау идеяларын дәріптеуге үлес қосқанын, сондай-ақ маңызды әлемдік түйткілдердің шешімін табуға ықпал еткенін атап өтті.

«Басқосу аясында әлемнің рухани көшбасшылары жаһан жұртын алаңдатқан өзекті мәселелерді талқылап, бейбітшілікті сақтау және өзара құрмет пен сыйластықты насихаттау туралы ойларын ортаға салады. Қазір геосаяси ахуал, түрлі сын-қатер ұшығып тұр. Осы алмағайып кезеңде ізгілік, мейірімділік, бауырмалдық, жауапкершілік сияқты қағидалардың қадірі арта түсті. Сондай-ақ халықаралық қауіпсіздіктің жана жүйесін қалыптастыру өте маңызды мәселеге айналды. Ол үшін әлем халқын бейбітшілікке шақыратын жаңа жаһандық қозғалыс қажет. Бұл ретте дін көшбасшылары айрықша рөл атқарады. Рухани лидерлер осы бағытта күш жұмылдырып, барша адамзатқа ортақ проблемаларды шешуге сүбелі үлес қосады деп сенемін. Хатшылықтың бүгінгі отырысы да осы мақсатқа орай ұйымдастырылып отыр», — дегенін Мемлекет басшысының үндеуінде.

Өз сөзінде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы — съезд хатшылығының Басшысы Мәулен Әшімбаев та диалог алаңының бірегейлігіне назар аударды. Ол съезге беделді саяси және қоғам қайраткерлері мен халықаралық ұйым басшыларының қатысуы үлкен маңызға ие екенін айтты. Сөз арқылы Форум ашық әрі әділ дінаралық диалог алаңы ретінде әлем дамуының өзекті мәселелерін жан-жақты талқылауға және дау-жанжалдарды өзара сыйластық пен түсіністік негізінде шешуге шақыруға мүмкіндік береді. «Өркеніттер қакты-

ғысы» мен діни қайшылықтар қауіп еңсеруге ықпал ету съездің маңызды үлесі екені айтылды. Мәулен Әшімбаев атап өткендей, мызғымас рухани және адамгершілік құндылықтар, толеранттылық пен диалог мәдениеті қазіргі қоғамның іргетасы болуға тиіс. Нақты айтқанда, бұл басымдықтар Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезінің қорытынды декларациясында көрсетілген жаңа әлемдік тәртіптің негізін қалыптастыруы керек.

«Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 78-сессиясында Қазақстан өзінің ұлттық мүддесін көздей отырып, өзекті халықаралық мәселелерді шешудің үнемі бейбіт жолын іздейтін мемлекет екенін атап өтті. Біздің елдінаралық және конфессияаралық диалогті бейбітшілік пен келісім мәдениетінің ажырамас бөлшегі ретінде дәріптейді. Қазір арақатынастардың өздерінің теріс пияғыларды үшін дінде сенушілердің діни наным-сеніміне манипуляция жасауы үлкен алаңдаушылық тудырды. Қасиетті кітаптарды өртеу, діни рәміздерді қорлау — халықтар мен діндер арасындағы дұшпандықты қоздыратын вандализм. Мемлекет басшысы айтқандай, мұндай тағылық әрекеттерден сөз бостандығының нышаны білінбейді. Сондықтан біз айтқан құндылықтар бейбітшілікті және жаңа әлемдік тәртіптің берік негізін қамтамасыз етеді. Бұл проблеманы шешу жолында әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары өте маңызды рөл атқарады», — деді Мәулен Әшімбаев.

Отырыс барысында қатысушылар Қазақстан Президентінің тапсырмасымен әзірленген съездің 2023–2033 жылдарға арналған даму Тұжырымдамасын бекітті. Бұл құжат Форумның БҰҰ институттары мен және басқа да беделді халықаралық құрылымдармен ынтымақтастығын нығайтуды, сондай-ақ серіктестер шеңберін және форум қызметінің географиясын кеңейтуді көздейді.

«Тұжырымдамада Форумның алдағы жылдардағы даму бағдары қамтылған. Съезд миссиясын кеңейту құжат жобасы-

ның негізгі жаңалығы екенін атап өткен жөн. Қоғамның сеніміне ие, беделді дін қайраткерлері әлемдік қоғамдастықтың алдында тұрған жаһандық сын-қатерлерді еңсеруге елеулі үлес қоса алады. Кедейшілік, климаттың өзгеруі мәселелерін шешуге күш жұмылдыру, соғыстар мен қақтығыстарды тоқтатуға ықпал ету, диалог және өзара құрмет мәдениетін дәріптеу бағыттарына да серпін беретіні анық. Тұжырымдамада съезд миссиясын іске асыруға арналған бірқатар жаңа тетіктер мен институттар қарастырылған. Съездің Ізгі ниет елшісі институтын құру ұсынылып отыр. Жас дін көшбасшыларының форумын және басқа да іс-шараларды өткізу жоспарланып жатыр. Бұл Тұжырымдама съездің алдағы жылдарға арналған серпінді және жасампаз даму векторын айқындайды», — деген Мәулен Әшімбаев Құжатта көрсетілген съезді дамытудың негізгі бағыттарына да тоқталып өтті.

Өз кезегінде сөз алған дін көшбасшылары қазақстандық Форумның ерекшелігіне назар аударды. Діндер мен мәдениеттер арасындағы өзара түсіністік пен келісімге қол жеткізу үшін діни және саяси көшбасшылардың күш-жігерін біріктірудің маңыздылығы атап өтілді. Рухани көшбасшылар съезд қатысушыларының ортақ миссиясы — бейбітшілік пен конфессияаралық келісімді қолдау үшін Форум аясында көтерілетін мәселелердің ауқымдылығын да назардан тыс қалдырмады.

Сонымен қатар кездесу барысында Хатшылық отырысына қатысушылар Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен және съездің естелік медальдарымен марапатталды. Атап айтқанда, осы диалог алаңының қалыптасып, дамуына қосқан үлесі үшін Кавказ мұсылмандары діни басқармасының Төрағасы Шейх-уль Ислам Аллашүкір Пашазаде «Достық» орденімен марапатталды. Одан бөлек, бірқатар қатысушыға «Шапағат» медалі және съездің Құрмет медалі табыс етілді.

Отырыстың қорытындысы бойынша, қатысушылар коммюнике қабылдады. Онда съездің 20 жылдағы табысты қызметі және маңызды жасампаз рөлі айрықша атап өтілген. Сондай-ақ қатысушылар Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халықаралық қауіпсіздіктің берік жүйесін құру және сын-қатерлер мен проблемаларды еңсеру мақсатында бейбітшілікке шақыратын жаңа жаһандық қозғалыс құру туралы идеясына қолдау білдірді. Бұл идеяны іске асыру жолында Қазақстанның Шанхай ынтымақтастық ұйымының төрағасы ретінде ұсынған «Әділетті әлем мен келісімді жақтайтын дүниежүзілік бірлік туралы» бастамасы маңызды қадам болатыны да айтылды.

Кездесуге қатысушылар съезд хатшылығының келесі XXII отырысын 2024 жылдың күзінде Астанада өткізу жөнінде шешім қабылдады.

Сонымен бірге осы күні Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің 20 жылдығына орай арнайы шығарылған мерейтойлық пошта маркасын салтанатты таныстыру рәсімі өтті. Аталған марка 10 мың дана тиражбен шығарылған. Ол әлемнің филателиялық каталогтарына қосылды.

ДИНАРАЛЫҚ ДИАЛОГ — ТЫНЫШТЫҚ КЕПІЛІ

Парламент Сенатының Төрағасы — съезд хатшылығының Басшысы Мәулен Әшімбаев Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі хатшылығының XXI отырысына қатысу үшін Қазақстанға келген дін лидерлерімен бірқатар екіжақты кездесу өткізді. Кездесулерде тараптар дінаралық және конфессияаралық диалогті одан әрі дамыту мәселелерін талқылады.

Кавказ мұсылмандары діни басқармасының Төрағасы Шейх-уль Ислам Аллашүкір Пашазадемен кездесу барысында Мәулен Әшімбаев аталған діни басқарманың съезд мақсаттарына қол жеткізуге айтарлықтай үлес қосқанын тілге тиек етті. Сондай-ақ ол Әзербайжан Қазақстанның стратегиялық серіктестерінің бірі екеніне назар аударды. Бауырлас екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға, ең алдымен Мемлекет басшыларының жоғары деңгейдегі өзара қарым-қатынасы ықпал етіп келе жатқаны да айтылды.



«Біздің елдеріміз бен халықтарымызды ғасырлармен өлшенетін берік достық, ортақ тарих, дәстүр және мәдениет байланыстырады. Қазақстан сөзін елдің барлық жетістігін әрдайым шынайы қуанышпен қабылдайды. Былтыр біз екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың 30 жылдығын атап өттік. Осы жылдар ішінде көптеген салада мемлекетаралық ынтымақтастық нығай түсті. Бұған екі елдің Президенттері Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев пен Ильхам Гейдарұлы Әлиевтің тұрақты байланыстары мен уағдаластықтары ықпал еткені сөзсіз. Осы орайда дінаралық диалогті дамыту жұмыстарын да бірлесіп жалғастырудың маңызы зор деп есептеймін», — деді съезд хатшылығының Басшысы.

Қасиетті Тақын дінаралық диалогті жөніндегі Дикастериясы Ислам мәселелері бюросының басшысы монсьор Халед Акашемен кездесуде Мәулен Әшімбаев съезд хатшылығы мен Қасиетті Тақын өзара іс-қимыл перспективаларына назар аударды. «Біз съезге тұрақты түрде және белсенді қатысып келе жатқанымыз үшін, сондай-ақ Форумның мақсаттарына қол жеткізуге Қасиетті Тақын елеулі үлес қосқанына ризашылығымызды білдіреміз. Ватиканның бейбітшілікті сақтау, мәдениеттер мен діндер арасындағы диалогті дамыту жөніндегі қызметін әрдайым жоғары бағалаймыз. Рим Папасы Францисктің бытыр қыруүйекте Қазақстанға жасаған Апостолдық сапары екіжақты қарым-қатынас тарихындағы маңызды оқиғалардың бірі болды», — деді Мәулен Әшімбаев.

Съезд хатшылығы дін көшбасшыларымен ғана емес халықаралық

ұйымдармен де өзара іс-қимылға баса мән беріп келеді. Сенат Төрағасы Дүниежүзілік Ислам лигасы Бас хатшысының орынбасары, доктор Абдурахман Абдулла Әл-Зайдпен кездесуде осы бағыттағы бастамаларын маңыздылығына тоқталды.

«Қазақстан Дүниежүзілік Ислам лигасының дінаралық және конфессияаралық диалогті дамыту жөніндегі қызметін әрдайым жоғары бағалайды. Біз Дүниежүзілік Ислам лигасын бейбітшілікке шақыратын саясатты жақтаушы және жаһандық дінаралық диалогке белсенді қатысушы ұйым

ретінде танымыз», — деді Палата Спикері. Сонымен қатар съезд хатшылығының Басшысы Әл-Азһардың Ислам зерттеулері академиясының Бас хатшысы Назир Мұхаммед Эльназир Аялден кездесті. Кездесуде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі аясындағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейту мәселелері сөз болды.

«Әл-Азһар — дүниежүзіндегі ең көне және мұсылман әлеміндегі беделді діни жоғары оқу орындарының бірі. Қазақстандық студенттерді оқыту бағытында көрсеткен көмегі үшін Әл-Азһарға алғысымызды білдіреміз. Алматыдағы «Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті біздің маңызды ортақ жобамыз екені белгілі. Сондай-ақ біз Әл-Азһардың Жоғарғы имамы шейх Ахмед ат-Тайебтің бытыр Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезіне қатысқанын жоғары бағалайтынымызды атап өткіміз келеді», — деді Мәулен Әшімбаев.

Дін көшбасшылары өзара қолдау көрсетіп, ынтымақтаса әрекет етсе, адамзат кәзіргі жаһандық сын-қатерлерді тиімді еңсеру алады. Мұсылман Ақсақалдар кеңесінің Бас хатшысы Мұхаммед Әбделсаламмен кездесуде Мәулен Әшімбаев осы мәселеге ерекше назар аударды. Сондай-ақ сұхбат барысында Діндер көшбасшылары съезінің аталған үдерісті рөлі кеңінен талқыланды.

Кездесулердің қорытындысы бойынша, сұхбаттасушылар екіжақты байланыстың ауқымды мәселелеріне көңіл бөліп, ынтымақтастықты әрі қарай нығайтудың басым бағыттарын белгіледі.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ДЕПУТАТТАР БАҚЫЛАУЫНДА



Кеше Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен Мәжілістің жалпы отырысы өтті. Күн тәртібі нақтыланған соң депутаттар өңірлерге шығу барысында азаматтардан түскен өтініштеріне байланысты Үкіметтің атқарған жұмысы туралы есепті тыңдады. Мемлекеттік органдардың бұл орайда атқарған жұмыс нәтижелері туралы баяндама жасаған Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова мен министрлер кабинеті мүшелеріне екі сағаттан аса депутаттардың сауалына жауап беруіне тура келді. Себебі Үкімет мүшелеріне сұрақ қоюға алдын ала 40 депутат өтініш тастаса, олардың қатарында бірнеше маңызды мәселе көтерілген де бар. Сонымен қатар палата бюросы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң жобасын жұмысқа алды.

Жадыра МҮСІЛІМ

Үкімет мүшелерінің атынан баяндама жасаған Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова депутаттарға халықтың тұрмыс деңгейін көтеру мақсатында бірлесіп атқарып жатқан ауқымды жұмыстары үшін алғыс білдірді. Бұдан кейін ол мұндай формат халықты алаңдататын түйткілді мәселелерді шешудің тиімді жолдарын табуға және оны заңнамалық тұрғыдан реттеуге мүмкіндік беретінін жеткізді. Оның айтуынша, былтырдан бері ел үшін де, әрбір азамат үшін де маңызы зор бірқатар заңнамалық акті қабылданды. Атап айтқанда, әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмекті мемлекеттік жүйелеуге мүмкіндік беретін Әлеуметтік кодексті ерекше айтуға болады. Сондай-ақ берешегі бар қазакстандықтардың көптеген өтінішіне жауап ретінде қабылданған «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы», экономиканың төңкерілді дамуына мүмкіндік беретін «Агломерацияны дамыту туралы», мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі орталықсыздандыруды көздейтін «Кейбір заңнамалық актілерге өкімшілік реформа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдар қабылданды. Осы актілерде депутаттар мен тұрғындар көтерген бірқатар проблема өз шешімін тапқанын тілге тиек еткен Тамара Босымбекқызы: «Сіздер ұсынған 2,5 мыңнан астам азаматтың өтініші Үкімет тарапынан мұқият қаралып, жауаптары Парламентке жолданды. Олардың орындалуы барысы ерекше бақыланады. Біріншіден, өтініштердегі көп көтерілген мәселенің бірі былтырғы жылы желілеріндегі ірі техногендік апаттардың салдарын жою және осы саладағы инфрақұрылымның әлеуетін көтеруге қатысты болып отыр. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Үкімет еліміздің барлық жылу инфрақұрылымына тиісті тексерулер жүргізіп, оның қорытындысы бойынша нақты іс-шаралар жоспарын қабылдады», — деді. Оның қорытындысы бойынша жылмен қамтамасыз ету нысандарын салу, күрделі және ағымдық жөндеу жұмыстарының кестесі әзірленіпті. Одан бөлек, Үкіметтің резервінен Екібастұз, Риддер, Рудный, Степногорск, Көкшетау, Ақтау, Семей, Павлодар қалаларының жылумен қамтамасыз жүйелерін жөндеу үшін 55 миллиард теңге бөлінген. Салаға едәуір инвестиция тартуға және коммуналдық инфрақұрылымды жаңартуға бағытталған «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы қабылданып, іске асырылды. Жобаның аясында инженерлік желілерді жөндеу және осы саладағы қызметкерлердің жалақысын арттыруға, кадрларды тартуға, олардың тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында 250 миллиард теңге шамасында қаржы тарту жоспарланып отыр.

Сонымен қатар электр энергиясын бірыңғай сатып алушы модель енгізіліпті стратегиялық тауарға тең қолжетімділікті қамтамасыз етіп қана қоймай, жекелеген салалар бойынша импортталатын электр энергиясының жүктемесіне айырмашы-

лықтарды жоюға мүмкіндік береді. Осылай деген Тамара Дүйсенова: «Осы жердегі тағы бір өзекті мәселе — тарифтің өсуі. Бұл жағдайда Үкімет азаматтарды әлеуметтік қолдау механизмімен қолданатын болады. Яғни, егер отбасының төлейтін коммуналдық шығындарының көлемі жергілікті атқарушы органдар белгілеген пайыздық көлемінен асып кетсе, онда мұндай отбасыларға бюджеттен тұрғын үй көмегі төленеді. Екінші маңызды мәселе — азық-түлік қауіпсіздігі. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес тауар өндірушілерді қолдау мақсатында бірнеше шара қабылданды. Пайдаланымалы бос жатқан немесе бір кезде заңсыз берілген ауыл шаруашылығы жерлерін, оның ішінде жайылым жерлерді қайтару үшін белсенді жұмыс жүргізілуде. Былтырдан бері 8,5 миллион гектардан астам жер қайтарылды, оның 2,8 миллион гектары қазірдің өзінде елдің игілігіне берілді», — деді.

Сонымен қатар шағын және орта бизнестің өкімшілік жүктемесін азайту, жастарды жұмыспен қамту, экономика мен әлеуметтік салаларда жүзеге асырылып жатқан бірқатар нақты шара Бюджет кодексінің жобасында ескерілетінін айтты. Атап айту керек, кодекстегі соңғы жылдардағы түзетулердің сипаты шағын, өзара байланысты нашар болғандықтан, елдің бюджеттік жүйесі түсініксіздеу болып отыр. Сондықтан заң жобасын қайта қараудағы бірінші міндет бюджеттеудің біртұтас жүйесін құруға бағытталмақ.

Бюро отырысында «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері де елдегі бірқатар өзекті мәселеге назар аударды. Депутат, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Елнұр Бейсенбаев бүгінде халық арасында өзекті болып отырған мәселелер жайлы айтты. Сонымен қатар ол халықтың мұң-мұқтажын көтеру, өңірдің мәселесін айту депутаттардың маңызды міндеті екенін еске салды.

Бүгінде Мәжілістің жанында «Қоғамдық бақылау» жұмыс істеуде. Депутаттар күнделікті ең кемі 20 адамның мәселесімен танысып, жеке қабылдау өткізеді. «Бүгінгі сұрақ-жауап дәстүрлі түрде тағы да ұйымдастырылып отыр. Халықтың мұң-мұқтажын көтеру, өңірдің мәселесін айтудан депутаттар тайынбас. Бұл өзгермейтін — аксиома. Үкімет мүшелері осыны нақты білуі тиіс. Дегенмен Үкіметтің кейбір мүшелері, министрліктер әлі де жұмысын жүйелендіре алмай келе жатқанын көріп отырмыз. Сұраққа жауаптары жүйелі болуы мүмкін, бірақ артында маңызды шешім жоқ. Шешім болса, оны қабылдайтын міндет жоқ. Мысалы, Атырау — Астрахан, Омбы — Майкапшағай, Астана — Алматы тасжолдарын салып жатқанымызға ондаған жыл болды. Президенттің өзі осында 2,5 жыл бұрын Үкіметке Астана — Алматы трассасын 2023 жылы аяқтау қажет екенін тапсырды. Астана — Алматы жолын салу үшін 5 жылда жарты триллион қаржы жұмсалып, Биыл бұл маңызды тасжол аяқтала ма, әрине аяқталмайды», — деді депутат. Елдегі жол, мектеп құрылысы мен азық-түлік қымбатшылығы туралы мәселеге тоқталған депутат министрлер кабинетінің мүшелеріне тұрғындардың мәселесін талқылаумен шектелмей, әрбір министрлік өзіне тиесілі жүйелі сұрақтарға арнайы іс-қимыл жоспарын қабылдауы қажет деген ұсынысын айтты. Себебі халық әлемі тез бен жаттанды жауаптарға тойды.

Сондай-ақ депутат Жұлдыз Сүлейменова елдегі кейбір мектептерде асхана жоқ екенін алға тартты. «Президент тапсырмасымен барлық бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында бұл қоғам тарапынан өте жоғары қолдау тапқан жоба болды. Соның арқасында 1,5 млн бүлдіршіміз ыстық тамақпен қамтылып отыр. Бірақ осы тапсырманың орындалуына қатысты сайлаушылар тарапынан әлі күнге дейін сын көп. Қазір 800-ден астам мектепте асхана мүлдем жоқ. Олардың ішінде 303 мектепке буфеттік тамақтану ұйымдастырылған. 288 мектепке бейімделген асханалардан кейтеринг жүйесі арқылы қоғамдық тамақтандыру орындарынан тамақтану жеткізіледі екен. Бұл министрліктің жауабында көрсетілген», — дей келе,

жауапты ведомство басшысынан балаларға берілетін тағам сапасына кім жауап беретінін сұрады. Сондай-ақ асханасы жоқ мектептердегі мәселе қашан шешілетінін, оқушыларға берілетін тамақтың бағасын біріздендіру қашан жүйеленетінін жеткізді.

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсенбаевтың сөзінше, былтыр 1-4-сынып оқушыларының тегін тамақтануы тек қана 8 өңірде 600 мың оқушыны қамтыса, биыл 1 млн 600 мың оқушыны қамтып отыр. Асханадағы тамақтың сапасын арттыруға қатысты бұған дейін де тиісті бұйрықтар қабылданған. Биыл осы бұйрықтарға министрліктің қосымша түзетулері енгізілді. Оған сәйкес, көрсетілген талаптардың қатаң орындалуы бағытында мониторинг тобы құрылып, бүкіл аймақтарда тексеру жұмыстары жүргізіліп отырады. Ал өңірлердегі асханасы жоқ мектептердегі мәселе де министрліктің назарында екеніне сендірді.

Сондай-ақ депутат Дәулет Мұқаев елдегі баспана мен үй алу бағдарламаларындағы біраз былтықты жіпке тізіп берді. Қазақстандықтардың бас ауруына айналған баспана мәселесіне қатысты қозғалған бұған дейінгі сауалдарына Үкімет мүшелері әрекетсіздік танытып келе жатқанын айтқан ол: «Үкімет тарапынан мұндай жауап келген жоқ. Маған үнемі сырғып жауап келеді. Бүгінде баспана нарығы тұралап тұр. Үй алудың барлық бағдарламасы тоқырауға ұшырады. Депутаттық сауалымда «Бақытты отбасы» және «Шаңырақ» бағдарламаларына өзгеріс енгізу, «7-20-25» бағдарламасы бойынша лимитті алып тастау, «Жас отбасы» бағдарламасы жайлы бірнеше ұсыныс айтқан едім. Бұл мәселелер әлі де өзектілігін жоғалтқан емес. «7-20-25» бағдарламасы жемқорлықтың ордасына айналууда. Бағдарлама арқылы үй алу үшін пара берушілер де көбейіп жатыр», — деді. Бүгін де «7-20-25» бағдарламасына ашылған лимит 5 минутта бітіп қалғанын жеткізе келіп: «Оқырмандардан түрлі хат келіп жатыр. «Менен бәрімендері 1 млн 400 мың сұрады», «Менен 700 мың теңге сұрады» деген хаттар жіберуде. Бұл қашан тоқтайды?» — деген сұрақ қойды. Депутаттың сауалына жауап берген Өнеркәсіп және құрылыс министрі Канат Шарлапаев мұндай үлкен мәселеге бір ғана сауалдың шеңберінде жауап бере алмайтынын айтады. Алайда бұл бойынша атқарылып жатқан жұмыстар да барын жеткізіп, баспана туралы бағдарламаны бірлесіп қарауға ұсыныс жасалды.

Депутат Нартай Аралбай осыған дейін де бірнеше рет көтерілген лудоманиямен күресте ешқандай жұмыс істелмегеніне қынжылып білдірді. «Қазір біз қоғамдық көліктердің сырттын, тұрғын үйдің қасбетін лудоманияның жарнамасына бердік. Дәл осы мәселені Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та айтқан еді. Мәселе айтылды. Бірақ биліктің не күтіп отырғаны түсініксіз. Былтыр «AMANAT» партиясының депутаттары лудоманияға қарсы заң жобасын дайындады. 50-ден астам түзету бар. Үкіметтің қарауына жіберді. Арала бір жыл өтті. Есеп-қисап дайын емес. Билік кімнің қас-қабағын бағып отыр?» деген депутаттың сауалына жауап берген Тамара Дүйсенова депутаттар ұсынған түзетулерді құзыретті органмен бірге қарап шыққан. Қазір сол түзетулермен бірге өз ұсыныстарын Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп қарап жатқанын жеткізген Премьер-Министрдің орынбасары: «Ендігі аптада қалған ұсыныстарды қарап бітіреміз. Сегізі келесі айда бітеді. Содан кейін құжатты алдарыңызға әкелеміз», — деді.

Сондай-ақ депутат Айдос Сарым ұшақ билеттерінің бағасына қатысты мәселе көтерді. Оның айтуынша, төмен бюджетті әуекомпаниясының билет бағасы күн сайын қымбаттап бара жатыр. Air Astana әуекомпаниясының еншілесі Fly Arystan жолаушыларды қолжетімді бағасын қамту үшін құрылған еді. Олар ішкі туризмді дамытуға негізделген болатын. Ал іс жүзінде лоукестер билеттерінің бағасы бас компания бағасымен теңесіп, жылдан-жылға өсіріп келеді. Депутат Дәулет Тұрлыханов вейп тартуға тыйым қашан салынатынын сұрады. Өйткені осы күні электронды сигарет кез келген оқушы үшін қолжетімді болып отырғанын жеткізді. Депутаттың көтерген мәселесін әріптестері де қолдап отыр. Өйткенмен, вейп қолдануға толық тыйым сала алмайтынын айтқан Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният «вейпке тыйым салу мәселесі бойынша заң жобаларына жаңа нормалар енгізіліп жатыр» деп қысқа қайырды. Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов та бұл мәселеге ерекше назар аударды. «Бұл мәселе бойынша Мемлекет басшысының тапсырмасы бар. Депутаттар да бірнеше рет көтерді, бірақ әлі нақты шешім жоқ. Сондықтан, Тамара Қасымқызы, нақты шешім қабылдайтын кез келді. Бізде біртұтас ұстаным болуы керек, өйткені бұл біздің балаларымыз бен болашақ ұрпағымыздың денсаулығына қауіп төндіреді. Сондықтан бұл мәселені шешуді жеделдету қажет», — деді ол. Сондай-ақ депутаттар тарапынан темір жол, денсаулық сақтау саласына қатысты бірқатар өзекті сауал жолдап, Үкіметтің әрбір мүшесі өзіне артылған міндетке жауапты болу қажеттігін айтып тарқасты.

ҚОСТАНАЙДАҒЫ МЕКТЕПТЕРДІ ТЕКСЕРДІ

Қостанай қаласында «AMANAT»-тың облыстық партиялық бақылау комиссиясының мүшелері №6 және №17 жалпы білім беретін мектептерге барды. Олар жүргізілген жөндеу жұмысының сапасын, мектеп ішіндегі және іргелес аумақтағы қауіпсіздік жағдайын, сондай-ақ санитарлық нормалардың сақталуын тексерді.



«Бірінші кезекте оқушыларға берілетін тамақтың сапасын тексердік. Ас әзірленетін бөлмелерді аралап, мектеп асханаларын, азық-түлік сертификаттарының бар-жоғын, азық-түлікті сақтау жағдайын, мазірдің стандартқа сәйкестігін және тағы басқаларды назарға алдық», — деді Қостанай облыстық мәслихатының депутаты Қырмызы Жанбыршина.

Балалар қауіпсіз ортада білім алуы үшін баспалдақтарда қоршаулар мен сүйеніштердің болуы, бүлдіршіндерді құлап кетуден қорғайтын терезе жабық-

тарының, мектеп манянда жол белгілерінің болуы да маңызды рөл атқарады. «Аталған мектептер талапқа толық сәйкес келеді. Күрделі жөндеуден кейін оқу процесі мен оқушылардың қауіпсіздігі үшін барлық қажетті жағдай жасалған», — деді «AMANAT» партиясының облыстық филиалы жанындағы Отбасы және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі кеңестің төрағасы Несібелі Бәсенова.

Айта кетейік, жыл соңына дейін өңірдегі барлық білім беру ұйымына мониторинг жүргізіледі.

1 800-ГЕ ЖУЫҚ ПӘТЕР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Шымкентте «AMANAT» мүшелері партияның сайлауалды бағдарламасы аясында салынып жатқан тұрғын үйлердің құрылыс жұмысымен танысты. Бүгінде қалалық Құрылыс басқармасы 98 көпқабатты тұрғын үй кешенін тұрғызып жатыр. Яғни, Тұран-2 шағынауданында 18 үй, Бозарық шағынауданында 54 үй және Ақжайық шағынауданында 26 үй салынуда. Биыл 1 752 пәтерлі 36 үйді пайдалануға беру жоспарланды. Оның жалпы ауданы — 131,7 мың шаршы метр.



«Партияның күш-жігері адамдардың жайлы өмір сүруі үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Яғни, партиялықтар халықты тұрғын үймен, сапалы инфрақұрылыммен қамтуға көздейді. Жалпы, 2027 жылға дейін партияның қалалық сайлауалды бағдарламасы аясында 5,5 млн шаршы метр тұрғын үй салынады», — деді «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалының атқарушы хатшысы Жанар Бектаева.

Сондай-ақ партиялықтар «Асар-2» тұрғын алабына барып, жол-құрылыс жұмысының барысымен танысты. Жергілікті тұрғындар Нұржол және Атакент көшелеріндегі асфальттың тозуына, көріз жүйесіндегі мәселелерге шағымданып, жолды кенейтуді сұрады. «AMANAT» партиясы қалалық филиалының өкілдері барлық айтылған мәселені бақылауға алды.

БАЛАБАҚШАЛАРҒА НАЗАР АУДАРДЫ

Павлодарда «AMANAT» мүшелері партияның өңірлік сайлауалды бағдарламасы аясында салынып жатқан екі балабақшаның құрылыс жұмысымен танысты. Көзі нашар көретін балаларға арналған №82 арнайы бөбекжай-балабақшада күрделі жөндеу жұмысы келесі жылы қаңтарда аяқталады.



«Балабақшаның құрылыс барысына қатысты қандай да бір ескерту айта алмаймыз. Алайда құрылыс материалдарының сапасы алаңдаталды. Есіктер өте арзан әрі нәзік. Сығымдалмаған, тек бір-біріне жабыстырыла салған фанера сияқты. Батареялардың да сапасы күмән туғызады. Жоба бойынша салыстырып, ғимарат ауданына сәйкес қанша секциялық батареялар орнатылып жатқанын және осындай шағын көлемдегі радиаторлар жобада көрсетілген аумақты жылыта ма, жоқ па, соны қарау керек», — деді сарапшы Андрей Даниленко.

Усолқа шағынауданындағы №5 бөбекжай-балабақшасында депутаттар мердігерлерге жұмыс қарқынын жел-

детуді, әсіресе күн суымай тұрып қасбетті безендіру жұмысын аяқтауды ұсынды.

«Біз бұл мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне алғаш рет келіп отырған жоқпыз. Партия құрылыс жұмысы сапалы әрі белгіленген мерзімде жүргізілуі үшін тұрақты түрде мониторинг жүргізіледі. Бүгінде екі нысанда абаданғы жұмыс жүргізіліп жатыр. Алайда №5 балабақшада көріз, электр, сумен жабдықтау, жылу жүйелерін тарту жұмысы тек 70-80%, ал №82 балабақшада 90-100% орындалды. Біз тиісті ұсыныс жолдаймыз», — деді «AMANAT» партиясы Павлодар облыстық филиалының атқарушы хатшысы Айгүл Маликова.



Ұласбек СӘДІБЕКОВ,
Мәжіліс депутаты,
«AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі:

ЕҢБЕК ЖОҒАРЫ БАҒАЛАНУҒА ТИІС

(Басы 1-бетте)

— Ұласбек Сәдібекұлы, Президенттің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында негізгі басымдық экономикаға берілгені белгілі. Экономика дегеніміз — халықтың әл-ауқатының жақсаруы. Осы тұрғыда, әлеуметтің әлеуметтік тұрғыдан дамуы үшін не қажет?

— Иә, Мемлекет басшысы өз Жолдауында экономика саласына айрықша басымдық берді. «Зор экономикалық серпіліс жасауға еліміздің толық мүмкіндігі бар. Ол үшін біз біртіндеп жаңа экономикалық үлгіге өтуіміз керек. Бұл жұмысты бағыт жүргізуіміз қажет. Басты мақсат — қағаз жүзіндегі биік жетістіктерге қол жеткізу емес, шын мәнінде халықтың тұрмыс сапасын жақсарту болуға тиіс», — деді Мемлекет басшысы. Ал енді Жолдау жүктеген міндеттерді жергілікті жерлерде жүзеге асыру үшін жергілікті әкімдермен қатар әр сала қызметкерлерін өте ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Мәселен, Түркістан облысында бірде-бір өндіріс орны жоқ аудан, қалалар бар. Ондағы халық тек мал шаруашылығымен күнелтіп отыр. Егін егіп, арзан бағада сатып жатқан шаруалар жетерлік. Олардың еңбегінің жемісін алыпсатарлар көріп жатыр. Міне, біз ең алдымен осы мәселені қолға алуымыз қажет. Әрбір еңбек жоғары бағалануға тиіс.

Халықты кәсіпкерлікпен айналысуға баулуымыз қажет. Қазір ел ішінде бизнеске бағыт-бағдар беріп, кәсіп бастауға жол ашатын мемлекеттік бағдарлама көп. Өңір халқының ішінде олардың тиімділігін түсініп, пайда тауып отырғандар да бар. Сондай-ақ мемлекет тарапынан берілген қайтарымсыз қаржыларды той өткізуге жұмсап, мақсатсыз пайдаланып жатқандар да жетерлік. Бұл дұрыс емес. Мемлекет ақшаны кәсіп ашып, көбейтсін деп беріп отыр. Бизнес бастап, әлеуметтік жағдайын көтерсін деп беріп отыр. Сондықтан оның сұрауы да үлкен болады.

Тағы бір айта кетер мәселе, өңірлерде салынғалы бері бос тұрған индустриалды аймақтар бар. Міне сол жерлерден өндіріс орындары ашылып, халық жұмыспен қамтылса дейміз. Ол үшін жергілікті әкімдер инвестор тарту ісіне көңіл бөлуі тиіс.

Сондай-ақ бүгінгі күні ең басты мәселенің бірі — халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру. Себебі мол табыс тауып отырған үлгі етер отбасылардың өзі қаражатын алаяқтардың алақанына салып беріп жатыр.

Ел ішіндегі жұмыссыздықты азайтуға арналған бағдарламаларға басымдық берген жөн. Ішкі көші-қон ісіне мән беріп, еңбек күші аз өңірлерге Оңтүстіктен баратын тұрғындардың санын көбейту ісін қолға алу керек.

— Қоғамда шешімін табуға тиіс негізгі түйткілдер неде?

— Бүгінде қоғамда шешімін табуы тиіс мәселенің бірі деп жұмыссыздық жайын айтар едім. Бұл бағытта бізге арнайы жұмыс алгоритмін істеу керек. Қазір әр ауданда, қаладағы жұмыссыз жандар жұмыс сұрап жергілікті әкімге барады. Ал жұмыссыз жандарды жұмыспен қамтитын «Мансап» орталықтары тікелей облысқа немесе республикаға бағынады. Сондықтан аудан әкімдері бұл мәселені шешуге қауқарсыз.

Халықты тұрғын үймен қамту ісі де қазір күн тәртібінде тұрған мәселенің бірі. Егер әр адамда баспана мен тұрақты жалақы алып отыратын жұмысы болса, әлеуметтік салаға қатысты үлкен мәселе туындамас еді.

— Халықпен жиі кездесесіз бе? Елге шыққанда не байқайсыз?

— Иә, жуырда да өзім сайланған округтерді аралап халықпен кездесіп келдім. Ақсақалдармен, жастармен жүздестім. Мені қуантқан жағдай — халық бұрынғыдай жеке бастың емес, көпшілік халыққа ортақ мәселелерді айтып жатыр. Қазір ауылға көпір керек, мектеп қажет.

— «Қазір жастар руханияттан қол үзіп барады» деген пікір жиі айтылады. Әлеуметтік желіге телмірген буынды рухани дүниеге бет бұрғыза аламыз ба?

— Мен жастардың баршасына күйе жаға алмаймын. Сондықтан жастардың барлығы руханияттан қол үзіп жатыр деген пікіріңізге келіспеймін. Түркістан облысында аңыз, әпсаналар мен бағырлар жырларын жатқа айтатын жеткіншек көп. Кітапханаға тұрақты баратын жасөспірімдер бар. Ал кейбір жастарды әлеуметтік желі, интернет тәрбиелеп жатқаны рас. Себебі ата-ана таннан кешке дейін жұмыста. Үйде жалғыз қалған бала, компьютер ойнап, ұялы телефон шұқылаудан қолы босамайды.

Бұл мәселеге ең алдымен ата-ана жауапты деп білемін. Содан соң қазіргі қоғам кінәлі. Дегенмен «қоғам кінәлі» деп қарап отыруға болмайды. Біз жастарды рухани әлемге қызықтыратын байқаулар мен конкурстарды көптеп өткізуіміз керек. Бір ғана Жайдарманды алайықшы. Керемет жоба. Мен студент кезімде қазақша Жайдарманды қолға алып бастаған ең алғашқы ұйымдастырушылардың бірі болдым. Сол кездің өзінде Жайдарманға жастардың қызығушылығы жоғары болды. Бүгінде аталған жоба жастардың бас қосар алаңына айналды. Осы секілді тың жобаларды қолға алып, қолдап отырсақ, көптеген дүние жасауға болады.

Әңгімелескен
Анарис АҚЫЛМАН

БОНУСЫ МҮНША, АЙЛЫҒЫ ҚАНША?

Қазақстанда қаржылық жыл аяқталуға таяды. Квзимемлекеттік секторда басқарушылық персоналға, менеджментке жаппай түрлі сыйақы төленіп, бонустар беріліп жатыр. Ұлттық компанияларда бір ғана басшыға төленетін сыйақы көлемі елімізде қарапайым еңбеккерлер алатын ең төменгі жалақыдан тура 1,5 мың есе асып түседі. Басқаша айтқанда, ұлттық компаниядағы менеджердің тек 1 жылда жалақысына қосымша алатын сыйақысына пара-пар табыс табу үшін төмен жалақылы жұмысшы 125 жыл, бір ғасырдан астам уақыт тынымсыз еңбек етуі керек.

ЕЛДӨС СЕНБАЙ

105 МИЛЛИОН НЕ ҮШІН ТӨЛЕНЕДІ?

Жуырда бұл проблеманы Парламент Мәжілісіндегі «AMANAT» фракциясының депутаттары көтерген болатын. Аманаттық депутаттар тура бір апта бұрын Премьер-Министр Әлихан Смайыловтан, Бас прокурор Берік Асылыовтан мәселенің байы-бына барып, басын ашып алуды және тиісті шаралар қабылдауды сұрады. Депутаттардың айтуынша, әзірге Үкіметтен жауап келген жоқ.

Сауал жолдаған мәжілісмендердің пікірінше, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының менеджменті халықтың емес, өзінің әл-ауқатын арттыруға аянбай еңбек етуде. Мәселенің мәнісі мынада екен: «Самұрық-Қазына» еншілес «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» компаниясының басшылығы кәсіпорынның тапқан пайдасынан 2 есе көп бонус алған.

Тарата айтқанда, аталған кәсіпорынның басшысы 1 жылда 74 миллион теңге, ал басшылығы 274 миллион теңге бонус жазып алыпты. Бұл ретте кәсіпорынның таза пайдасы небәрі 38,5 миллион теңге ғана.

Өз кезегінде «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» компаниясының еншілес кәсіпорны — QazCloud («Қаз Клоуд») компаниясының басшылығы да өзіне келгенде жомарттығында шек жоқ болып шықты. «Самұрық-Қазына» компаниялар тобына кіретін QazCloud — IT-инфрақұрылымға қызмет көрсету және жаңғырту, сондай-ақ IT ресурстарын жалға беру қызметтерін ұсынатын сервистік компания.

QazCloud компаниясының таза пайдасы тым мардымсыз, 61 миллион теңге ғана. Соған қарамастан оның менеджменті сыйақы ретінде 336 миллион теңге алған.

Депутаттардың мәліметінше, «Қазақтелеком» АҚ-ының тізгінін сонау «ескі Қазақстаннан», яғни 13 жылдан бері табан аудармай ұстап келе жатқан Қуанышбек Есекеев бастаған «Қазақтелеком» басқармасының мүшелері жалпы сомасы 422 миллион теңге сыйақы алған. Әрбір мүшесіне 105 миллион теңгеден келеді. Бұл — бүкіл квазимемлекеттік сектордағы төндесі жоқ рекорд.

Яғни, Қазақстандағы ең төменгі жалақыдан (70 000 теңгеден) 1,5 мың есе көп.

«Біздің қарапайым халық бір үзім нанға жарымдай, ұнның қымбаттауына қиналып отырғанда бұл неткен асқандық? Мұндай ашкөздік азаматтардың әділеттілік принциптеріне деген сенімін девальвациялап, олардың заңды ашу-ызысын тудырады. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының басшылары, еншілес кәсіпорындары өз басшыларына бонус, сыйақы жазуға ғана қызмет ете ме?» деген заңды сұрақ туады. «AMANAT» фракциясы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының атына заты сәйкес келуі керек деп есептейді. Жаңа Қазақстан идеялары ұлттық теңдік принциптері іске асқанда ғана орындалады. Мемлекет өз қолымен мемлекет қаржысына неолигархтарды жасамауы қажет», — деді әріптестері атынан Үкімет басшысына қайырлау депутат Ерлан Саиров.

Сондықтан парламентшілер Үкімет басшысынан біріншіден, «Самұрық-Қазына» өз менеджментіне «асыра сілтеп» сыйақы жазу саясатының заңға сәйкестігін анықтап, бұл ашкөздікті тоқтатуды сұрады. Екіншіден, «Самұрық-Қазына» құжынаған еншілес кәсіпорындардың қажеттігін анықтауы керек. Үшіншіден, әл-ауқат қорының қаржы саясатының ашықтығын қамтамасыз ететін тетіктер жасауы қажет.

БАСШЫ МЕН ҚОСШЫНЫҢ АРАСЫ АЛШАҚТАУДА

Қор сарапшыларының түсіндіруінше, биылғы жылғы еңбекақы қорының, соның ішінде сыйақылардың қанша көлемде төленгені жылдық қаржылық есептен белгілі болады. Ол есеп келесі жылдың басынан бастап, жыл ортасына дейінгі аралықта жарияланбақ. Сондықтан қолда бар деректерге жүгінелік.

Басшыларын жарылқау жөнінен «Қазақтелекомның» алдына қара салмайтынын депутаттар айтты. Оған тіпті Қазақ-

станның әлемдегі №1 бренді, жаһандық алпауыт «Қазатомөнеркәсіп» те жете алмапты.

Ұлттық атом компаниясында шешуші басқарушылық персонал: басқарманың бүкіл құрамынан және директорлар кеңесінің мүшелерінен тұрады. Оларға төленген төлемнің ішіне жалақысы, сыйақылары кіреді. Нәтижесінде, «Қазатомөнеркәсіп» өз басшыларына 2021 жыл қорытындысында жалпы сомасы 1 млрд 88 млн теңге, ал 2022 жылы 983 млн теңге аударыпты.

Компанияның директорлар кеңесі жеті адамнан, басқармасы алты адамнан құралған. Осылайша, ұлттық атом компаниясы басқармасының әрбір мүшесі соңғы бір

«Қазпоштаның» шығындарын оңтайландыру, электронды коммерцияны және басқа да қаржылық қызметтерді дамыту арқылы қол жеткізіліпті. Нәтижесінде, ұлттық пошта қызметінің 8 айдағы кірісі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 44 пайызға немесе 16,7 миллиард теңгеге артады. Әсел Жанасова еліміздің шалғай елді мекендерінде «Қазпоштаның» бөлімшелер желісін кеңейту жоспарланып отырғанын жеткізді. Алайда пошташылардың еліміздегі ең төменгі жалақыдан да төмен жалақы алатынын жасырып қалса керек. Депутаттардың дерегінше, пошташылардың еңбекақысы 30 мың теңгенің айналасында ғана екен.



“

Басшыларын жарылқау жөнінен «Қазақтелекомның» алдына қара салмайтынын депутаттар айтты. Оған тіпті Қазақстанның әлемдегі №1 бренді, жаһандық алпауыт «Қазатомөнеркәсіп» те жете алмапты.

жылда орта есеппен 81 млн теңгеден алған (айлық орташа табысы — 6,8 млн теңге).

Кешегі отырыстарында Мәжіліс депутаттары: «Басшылығы 30 жыл бойы қара басының пайдасы мен мүддесі үшін қызмет етті» деп қатаң сынға алған «Қазақстан теміржолы» да осы жылдар бойы өз басшылары қомақты сыйақы төлеп келеді. Оның шешуші басқарушылық құрамына басқарма мүшелері мен директорлар кеңесінің 16 адамы енді (2021 жылы 15 адам болған). Осы басқарушыларға 2022 жыл қорытындысында 576,5 миллион теңге төленгені анықталды. Яғни, 2021 жылғымен (806,8 млн теңге) салыстырғанда, біршама азайтылған. Бұл сомаға жалақы және өзге де төлемдер кіреді. Басқарма мүшелерінің әрқайсысы жылына орта есеппен 36 млн теңге (немесе айына 3 млн теңге) табыс тапқан.

«ҚазМұнайГаз» құрылымындағы «Ембі-мұнайгаз» өзінің қаржылық есебінде компанияның директорлар кеңесінің 3 мүшесіне жалақы және қысқа мерзімді басқа төлемдер түрінде 2022 жылы 24 миллион теңге төленгені (айына 600 мың теңгедей) көрсетті. Ал басқарманың 7 мүшесінің еңбегі компанияға жылына 234 миллион теңгеге (айына 2,7 млн теңге) түседі.

«Самұрық-Энерго» ұлттық компаниясының еншілес ұйымы Samruk-Green Energy 2021 жылғы есебінде 3 адамнан тұратын шешуші персоналға, яғни бас директор мен оның екі орынбасарына 27,4 млн теңге аударылғанын жазды. Алайда 2022 жыл қорытындысында бұл сома бірден екі есеге артып шыға келген, яки 53,5 млн теңгеге жетті. Сөйтіп, олардың табысы орта есеппен 1,4 млн теңгені құрады.

Биылғы қазан айының басында Президенттің қабылдауына кірген «Қазпошта» АҚ басқарма төрағасы Әсел Жанасова компанияның соңғы 5 жылда алғаш рет шығыны аз, табысты мекемеге айналып отырғанына мақтанды. Оның айтуынша, бұған

Бірақ бұл кедейшіліктің «Қазпошта» басшылығына қатысы жоқ. Әрине, соңғы жылдары компания өз басшыларының шығынын да біраз азайтты. Дегенмен бәрі-бір қомақты көрінеді. Оның шешуші басқарушылық персоналы жыл басында 6 адамнан тұрған. Kazpost.kz ресми сайты өзекті ақпаратты бермеді: «Компания туралы» бөлімін баспаңыз, «Қате...» деп бос «терезе» шығады. Тапсырыс берген тауарларын, сәлемдемелерін күткен тұтынушылар бұл сервисте: «Кешіріңіз! Біраз қиындық туындауда. Тағы бір рет қайталап көріңіз!» деген ескертпеге жолыққанын айтады.

Сонымен, «Қазпошта» 2022 жылы басшыларына 141,6 миллион теңге аударды. Немесе оның әрбір топ менеджеріне 1,9 млн теңгеден келген. 2021 жылы басқарушыларының саны жетеуді құрады, олар 208,2 миллион теңге алған. Басқаша айтқанда, басшыларының алатын бір жылғы төлеміне жетебабыл табыс табу үшін қарапайым пошташылар 5 жылдан артық қызмет етуі керек болады.

Кеше Finprom мониторинг агенттігінің сарапшылары: «Кейдейлер одан сайын кедейлене түсті: Қазақстанда аз қамтылғандардың тойып тамақ іспеуі көбейді» деген сараптама жариялады. Онда соңғы жылдары алғаш рет халықтың аз қамтылған санаттары арасында тойып тамақтана алмайтындардың үлесі бірден бірнеше пайызға: 6,7%-дан 8,4%-ға дейін күрт өскені айтылады. Салыстырсақ, бұл көрсеткіш 2017 жылы бар-жоғы 3,6% болыпты.

Қазақстанда күнкөріс деңгейінен төмен табыспен өмір сүретін отбасылардың саны 2018 жылғы 135,2 мыңнан 2023 жылдың екінші тоқсанында 177,8 мың отбасыға дейін, яғни 31,5%-ға көбейген.

Ендеше елді дағдарыс пен қымбатшылық қатар қысқан кезеңде ұлттық компаниялардағы басшылар да төбетін ауыздықтағаны абзал.

ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ҚАРҚЫНЫ НЕГЕ БАЯУ?

Жамбыл облысына Ербол Қарашөкеев әкім болып тағайындалғанына айдан асты. Осы мерзім ішінде аймақ басшысы түрлі сала өкілдерімен кездесіп, өзіне таңсық емес қызметтің қыр-сырын барлап шықты. Дұрыс-ақ, Себебі Ербол Шырақпайұлы бұған дейін ауыл шаруашылығы сияқты бір ғана саланың тізгінін ұстап, «болыс» деген қызметтің барысын білмеген еді. Содан болар, Әулиеатаның жаңа әкіміне барлығын көзбен көріп, тіпті Тараз қаласының округтерін таңсәріден жаяу аралап шығуына тура келді. Міне, сондай дауы басылмайтын, мәселесі таусылмайтын алқаптың бірі – «Ұлы дала» ықшамауданы.

Аталған аудан Ербол Қарашөкеевтің есінде ерекше қалғаны анық. Себебі аймақ басшысы қызметіне тағайындалған күннің ерсіне ықшамаудан тұрғындары әкімдікті басып кіріп, 10 мыңнан аса оқушының тегін тамақ пен оқу жылы қарсаңында берілетін 40 мың теңгеден қағылып отырғанын жеткізген. Ата-аналар ауданда мемлекеттік



мектеп болмағаннан кейін балаларын жекеменшік білім орнына беруге мәжбүр болып отырғанын ашына айтқан. Сол себепті мұндағы оқушылар мемлекет тарапынан берілетін тегін тамақ пен қаржылай көмектен қағылған.

Шу шығарған тұрғындардың алдына Ербол Қарашөкеев шығып, сол кезде мәселені жылы жапқандай болды. Шағымданушыларға үде еткендей «Ұлы дала» ықшамауданы аралап шығып, жауаптыларға нақты тапсырмасын берді. Алайда сол уақыттан бері айдан аса уақыт өтсе де, «баяғы жартас, бір жартас» күйі қалуда. Мәселенің мәнісін білмеке облыстық Білім басқармасына хабарластық.

«Тараз қаласындағы №15 ықшамауданында биылғы жылдың қараша айында 1 200 орындық мектеп ашу жоспарланған.

Жекеменшік мектептер Оқу-ағарту министрлігінің Қаржы орталығы арқылы қаржыландырылады. Бөлінген қаржын реттеу және бақылау – республикалық қаржы орталығының құзырында. Облыстағы жекеменшік мектептер жан басына шаққандағы қаржыландыру шеңберінде жұмыс істейді. Жекеменшік мектептер мемлекеттік-жекеменшік әріптестік есебін емес, жеке кәсіпкерлердің өз қаражаты есебінен ашылып, жұмыс жасауда», – деген басқармадан ресми жауап алдық.

Денсаулық сақтау басқармасына хабарластып, науқастардың қазіргі халін білдік.

«Сол кезде зардап шеккендер Тараз қалалық көпбейінді ауруханасына жеткізілді. Сол күні-ақ екі адам үйіне қайтарылды. Ал екі адам жансақтау бөліміне жатқызылды. Жағдайлары ауыр болатын. Бірақ дәрігерлердің дер кезінде көрсеткен көмегінен кейін барлығының жағдайы түзелді. Қазіргі таңда үйлеріне шығарылды», – дейді облыстық денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі.

Оқиғаға қатысты Қылмыстық кодекстің 292-бабы 1 бөлігі «Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу» бойынша қылмыстық іс қозғалып, тиісті сараптама жүргізілді. Сондай-ақ түн мезгілінде құрылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат берген жауапты адамдар тергелуде. Ал Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков зардап шеккен азаматтардың ата-аналарымен кездесіп, барлық медициналық, әлеуметтік көмек көрсетілетінін, жалақылары толық төленетінін және барлық шығынды мердігер «Азамат құрылыс» ЖШС өз мойнына алатынын айтты.

Әрине, зардап шеккендерге тиісті көмек көрсетілгені дұрыс. Алайда «Ұлы дала» ықшамауданында да, №44 мектептегі оқыс оқиға да мердігердің құрылысты дер кезінде аяқтамағанынан туындап отыр. Сондықтан теңдер төңірегінде мұндай мәселеге тиісті министрлік көңіл бөліп, оқу орындарының құрылыстарын сенімді мердігерлерге ғана жүкттейтін жүкесін жасаса деген тілегіміз бар. Себебі Үкімет үйінде қабылданған шешімдердің артында балалар тағдыры мен адам өмірі тұр.

Саятхан САТҰЛІҒАН,
Жамбыл облысы

МУЗЫКАЛЫҚ ТЕКЕТІРЕС: «САХНА КОРОЛІН» АНЫҚТАЙДЫ

Жақында заманауи қазақ эстрадасы көрермен назарына музыкалық шайқас ұсынбақ. Сүйікті тыңдарманын қалыптастырып, әуендері арқылы көпті бір толқынға ертіп әкеткен екі бірдей танымал топ алып шаһар Алматыда сыға түспек. 21 күні «Алматы Арена» алаңында Red Bull SoundClash атты бірегей музыкалық шара өтеді. Өндері трендтер қатарында көш бастап тұрған әйгілі Ninety one тобы мен миллиондаған қаралымның иесі Ирина Қайратовна музыкалық алаңда шайқасқа түседі. Олар «нағыз сахна королі» атануға кім лайықты екенін анықтау мақсатында қарама-қарсы орналасқан екі сахнада өнер көрсетеді.

Red bull SoundClash – екі танымал орындаушының арасында, бірегей форматта өтетін ғаламат музыкалық текетірес. Ұйымдастырушылардың айтуынша, шара ел тарихында бірінші рет өткелі отыр. Жастардың сүйіктісіне айналған екі топ сахнаға шығып, өз шығармашылығы мен шеберлігін көзі қарақты көрерменге паш етеді. Тыңдарманың жүрегіне өнерімен жол табуға тырысады.

Ауқымды музыкалық жарыс төрт кезеңнен тұрады. Ең алдымен алаңда тартысты шоуы қызыға тамашалайтындей көңілді атмосфера орнату үшін екі топ өз репертуарындағы ең әйгілі хиттерін орындайды. Әрі қарай шайқас төрт кезең бойынша жалғасады.

«Кавер» кезеңі – көпшілікке белгілі бір әнді өз стиліне сай өңдеп, кавер-нұсқада орындайды.

«Түре тартыс» кезеңі – командалар бір-бірінің композициясын өз стиліне сәйкес орындап шығады. Бәсекелесі шырақ тұрған әнді орта жолдан іліп әкетіп, «түре тартысады».

«Шайқас» кезеңі – топтар өз өндерін жат стильде орындайды. Нақтырақ айтқанда, өнер иесі үйреншікті «комфорт аймағынан» шығуға тиіс.

Wild card кезеңі – ақтық сайыс. Әр топ өзінің музыкалық жарысқа алып келген құпия-қонағын, жұлдызды музыкант достарын шақырады.

Екі бірдей танымал топтың бір алаңда бак сынауы, ауқымды музыкалық текетірес – қазақ сахнасында сирек көрініп табытын құбылыс. Уақыт өте келе қанатын кенге жайып келе жатқан субмәдениеттің тұрақты тыңдарманы қалып-

тасып келе жатқанын жоққа шығаруға болмайды. Ал Red bull SoundClash шарасының қазақстандық музыкалық жобалардан ерекшелігі қандай? Көрерменді несімен таңғалдырады? Осы сияқты сауалдармызға жауап алу үшін Ирина Қайратовна және Ninety one тобының мүшелерін сұхбатымызға тарттық. Екі топтың жігіттері кештің негізгі ерекшеліктерін бірауыз сөзбен түйінде берді. Олар – аранжировка, әуен, хореография, нағыз креатив. «Бұл жарыста біздің сахнада күнделікті істеп жүрген тірлігіміз көрсетіледі. Оған сіздер қаншалықты таңғаласыздар, білмеймін. Әрине, музыкалық тұрғыдан жаңа дүниелер көрсетеміз деп ойлаймын», – дейді Ninety One тобының мүшесі Батырхан Мөліков (ALEM). Жоғарыда «Түре тартыс» кезеңінің бар екенін атап өттік. Бұл кезең негізінде топтар бір-бірінің шығармашылығымен етене танысып, қарсыласының репертуарындағы әнді өз стилінде шырақтайды. Ирина Қайратовна тобының мүшесі Алдияр Жапарханов дәл осы кезеңнің салмағы ауыр болып тұрғанын айтады:

– Меніңше, бұл естен кетпейтін кеш болады. Екі топ арасындағы шайқас көрерменге ұнайды деп ойлаймын. Жарыстың форматы қызық. Ninety one жігіттері әнді әртүрлі стильде орындайды. Бірақ эксперимент жасаудан қорықпаймыз. Біз ең алдымен – шоуымыз. Содан кейін ғана – Ирина Қайратовнамыз. Сондықтан кеште нағыз шоу болады деп ойлаймын. Ең қызығы, бәсекелес топтың өндерін орындау болып тұр. Себебі біз өзгелердің өнін ешқашан айтып көрген емеспіз», – дейді А. Жапарханов. Ал

Ninety one тобының мүшесі Дулат Мұхамметқали (ZaQ) мұндай сарындағы музыкалық жарыстар – өнер иелерімен қатар, олардың тұрақты тыңдармандарының бір-біріне жол ашуына мүмкіндік беретінін айтады.

– Осындай коллабтардың ең жақсысы – әртістердің кезінде жарық көретін фиттері (feat) сияқты. Адамдардың шығармашылығы бір-біріне қызық болғандықтан олар бір туынды жасап шығаруға тырысады. Екіншіден, әр өншінің тыңдарманы, өз толқынында жүрген адамдары бар. Олар бір-бірімен араласып бастайды. Бұл кеште Ирина Қайратовна тобының тыңдармандары болсын, әрқайсысы өзіне екі топты да жаңа қырынан ашады деп ойлаймын. Сондықтан, жарыс біз үшін де, көрермен үшін де керемет дүние болмақ», – дейді ол.

Қазақтардың өнерге деген ашықтығы байқалады

Музыкалық субмәдениет – мәдени жанашылдықтың белен алуымен келген өнер түрі. Субмәдениет негізгі мәдениеттен құндылықтары мен ұстанымдары, тілі мен мәнері, киіну стилі арқылы ерекшеленеді. Қазақ эстрадасына жаңа леп әкелген заманауи бағыттың тыңдармандары артпаса, кемірек емес. Субмәдениет елімізге 2015 жылы жетті. Бұл ұғымды көрермен санасына алғаш қалыптастырушылар да – Ninety one тобы. Түп бастауы Q-POP жанрынан, яғни Корея мәдениетінен бастау ала, ал қазір өнердің бұл түрі эстрадалымызға ұлттық болмысымызға сай өзгерістермен енді. Заман ағымымен қазақ мәдениетінде Q-POP (Qazaq-POP) бағыты пайда болды. Тіпті, қоректен арасында Qazaq-POP – ұлттық патрио-



тизмді дамытудың жаңа бір белесі ретінде қалыптасты деген пікірлер ұшырасады. Патриотизм демеуші, Q-POP бағытындағы орындаушылардың репертуарынан қоғам ахуалын «әшкерелейтін» туындыларды байқау қиын емес.

– Шырақпаған өндерімізде әлеуметтік тақырыптарды қозғауға тырысамыз. Ол перформанспен бірге болады, кейде перформансыз да жүзеге асып жатады. Біз дәл қазіргі уақытта шоуға дайындалу үстіндеміз. Өндерімізді тыңдап, мәтіндерімен таныс тыңдармандар болса, біз көтерін әлеуметтік тақырыптан жақсы хабары бар», – дейді Д. Мұхамметқали.

Red Bull SoundClash музыкалық жарысы аясында өткен баспасөз мәслихатынан кейін Ninety one тобымен субмәдениет төңірегінде әңгіме қазуалдық. Бастапқы жылдармен салыстырғанда, қазір тыңдарман тарапынан субмәдениетке он көзқарас қалыптасқанын аңғаруға болады. Топ мүшесі Дулат та бұл пікірді құптайды:

– Менің ойымша, қазір субмәдениетке халықтың он көзқарасы қалыптасып келе жатыр. Шектеулердің, шекаралардың көбі қазір өшіп қалды. Әлемдегі әртүрлі субмәдениеттік қозғалыстың барлығы елімізде мойындалуда. Сондай-ақ қазір қазақтар өзін белгілі бір субмәдениетке жатқызуға ұялмайды. Яғни, ішкі шығармашылығын түрлі жол

арқылы қысылмай көрсете алады. Қазір қазақтардың өнерге деген ашықтығы байқалады.

Ал Данияр Құлымша (BALA) әу баста Q-POP бағытының кең мағынада қолданылмағанын, нәтижесінде көпшілік аталған бағытты субмәдениет деп қабылдағанын тілге тиек етті:

– Q-POP бағыты турасында біразы әлі де қате пікірде деп ойлаймын. Q-POP – топ роліағ созына шыққан. «Танымалдылық» деген мағынада қолданылады. Қазақстандағы ең танымал әртістердің, өншілер мен авторлардың өндері осы қатарға жатады деген түсінікте қалыптасқан. Бірақ халық оны субмәдениет деп қабылдап алды. Қазір қандай Q-POP топтардың құрылып жатқаны жайлы бақылап көрмедім. Алайда бір білерім, қазақтың өнері дамып жатыр. Жан-жақты, әртүрлі жанрда. Оның барлығы мен үшін Q-POP. Осы бағытта құрылып жатқан топтарға көзқарасым жақсы. Талантты жастар өте көп, – дейді Д. Құлымша.

Айта кетейік, Red Bull SoundClash музыкалық жарысының жеңімпазы арнайы шу өлшегіш құралмен (шумомер) анықталады. Кешке келген әрбір көрермен «сахна королін» анықтауға үлесін қоса алады.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Объявление о проведении закупки «Услуги ИТ на объектах» способом открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке «Услуги ИТ на объектах». (Количество лотов – 14, на общую сумму 30 722 400,00 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых услуг и их подробная спецификация оуказаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 – 13.00 ч. и с 14.30 – 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности и копии документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 27 октября 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 00 минут 27 октября 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: +7 (727) 393-01-50.

«Объектлердегі ИТ қызметтерін» сатып алу бойынша ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Объектлердегі ИТ қызметтерін» сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны - 14, жалпы сомасы 30 722 400,00 тенге, КҚС-сыз).

Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкіліне сенімхаттың түпнұсқасы және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2023 жылғы 27 қазанда, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 27 қазанда, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: +7 (727) 393-01-50.

Объявление об итогах повторного открытого тендера по закупке работ «Капитальный ремонт на 36000 м/ч на ГПЭС»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает победителем по закупке работ «Капитальный ремонт на 36000 м/ч на ГПЭС» тендерную заявку ТОО «Rapid Parts Distribution»: г. Алматы, Медеуский район, улица Жибек жолы, улица Валиханова, дом 64/47, офис 606, 050002, БИН 140240011664, по следующему лотам: №1, №2, №3, №4, №5, №6.

Признать победителем по закупке работ «Капитальный ремонт на 36000 м/ч на ГПЭС» тендерную заявку ТОО «Актобе мұнай маш комплект»: Актюбинская область, Мугалжарский район, город Кандыгагаш, улица Промзона, строение 19Г, 030700, БИН 031040005996 по следующему лотам: №7, №8.

Признать победителем по закупке работ «Капитальный ремонт на 36000 м/ч на ГПЭС» тендерную заявку Консорциума в составе ТОО «CNLC International Kazakhstan Inc (КНЛК интернешнл Казахстан Инк)»: г. Алматы, Медеуский район, микрорайон Самал-2, дом 97, 050059, БИН 020840001426 и ТОО «Шахан-НС»: г. Алматы, Ауэзовский район, улица Толе би, строение 302, офис 322, 050000, БИН 030540009998 по лоту №9.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: +7 (727) 393-04-60.

«ГПЭС-те 36000 м/сағ күрделі жөндеу» жұмысын сатып алу бойынша қайта ашық тендердің қорытындылары туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «ГПЭС-те 36000 м/сағ күрделі жөндеу» жұмысын тендерлік өтінімі «Rapid Parts Distribution» ЖШС: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Жибек жолы көшесі, Уәлиханов көшесі, 64/47 үй, 606, 050002 кенсе, БИН 140240011664, келесі лоттар бойынша: №1, №2, №3, №4, №5, №6 жеңімпаз болып танылыс.

«ГПЭС-те 36000 м/сағ күрделі жөндеу» жұмысын тендерлік өтінімі «Актобе мұнай маш комплект» ЖШС: Ақтөбе облысы, Мугалжар ауданы, Кандыгагаш қаласы, Промзон көшесі, 19Г құрылыс, 030700, БИН 031040005996, келесі лоттар бойынша: №7, №8 жеңімпаз болып танылыс.

«ГПЭС-те 36000 м/сағ күрделі жөндеу» жұмысын тендерлік өтінімі Консорциум құрамындағы «CNLC International Kazakhstan Inc (КНЛК интернешнл Казахстан Инк)» ЖШС: Алматы қ., Медеу ауданы, Самал-2 шағынауданы, 97, 050059 үй, БИН 020840001426 және «Шахан-НС» ЖШС: Алматы қ., Әуезов ауданы, Төле би көшесі, 302 ғимарат, 322 кенсе, 050000, №9 лот бойынша БИН 030540009998, №9 лот бойынша жеңімпаз болып танылыс.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: +7 (727) 393-04-60.

ОТАНЫНА ЖИНАЛДЫ ОН САН ҚАЗАҚ



Астанада өткен «Отандастар» форумында әлемнің 40-тан астам елінен этникалық қазақтар жиналып, ғылым, мәдениет, бизнес, саясат және БАҚ саласында әлем қазақтары үшін аса өзекті мәселелері талқыланды.

Бердібек ХАБАЙ

Қазақстан Президенті К. Тоқаевтың Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда «Шетелдегі қандастарымызбен тығыз қарым-қатынас орнатып, рухани байланысты нығайта береміз. Бұл мәселе менің жеке назарымда. Дүниежүзіндегі қандастарымыздың басын туған жерде біріктіру – біздің қасиетті парызымыз», – деген сөзі еліміздің шетелдегі отандастармен байланыстарының тиімділігін одан әрі арттыру қажеттігін білдіреді.

Қазанның 10-ы, сейсенбі күні форумға арнайы шақырылған қонақтар легі Астананың көрікті жерлерін тамашалап, шараның бас серіктесі Altyn Qyran Foundation қоғамдық қоры мен Ұлттық спорт қауымдастығының ұйымдастырған спорттық бағдарламаларын тамашалады. Іс-шара аясында қонақтар ұлттық құндылықтарымызбен етене жақын танысып, қазақтың ұлттық ойындары, тоғызқұмалақ, асық ату, садақ ату, қыз қуу, аударыспақ, көкпар, құсбегілік сынды өнер түрлерін тамашалады. Қонақтардың назарына қол-өнер шеберлерінің қолынан шыққан ұлттық бұйымдар да ұсынылды.

Құрақ көрпе символы негізге алына отырып ұйымдастырылып отырған форумға әлемнің түрлі еліндегі қоғам белсенділері, ғалымдар, саясаткерлер мен ірі кәсіп өкілдері, тіпті ақын-жазушылар да арнайы шақырылған. Келелі жиын барысында сырт елдегі қазақ диаспорасының тілі, ұлттық болмысы мен шеттегі қазақтарға демеу жасау жолдары мен ондағы елдің Отанға көрсетілер қолдауы сияқты мәселелер жан-жақты талқыланды.

«Отандастар» қорының президенті Абзал Сапарбекұлының айтуынша, 40-қа жуық мемлекеттен делегаттар келіп, форум аясында бір-бірімен еркін пікір алмасуда. «Әлемнің түкпір-түкпірінен келген беделді 200-ге жуық делегаттың бір ортада бас қосуына мүмкіндік туғызылып отыр. Бұл форум осымен екінші рет өтуде. Бұған дейін 2019 жылы ұйымдастырылған болатын. Бұл жолғы форумның басты ерекшелігі – ауқымдылығы, делегаттар санының көптігі», – делі ол.

Форум төрт сессия аясында өтіп, түрлі бағыт қамтылып, «Ел дамуында қандастардың рөлі», «Отандастардың интеллектуалдық әлеуеті – ұлттық құндылықтарды ілгерілету драйвері», «Медиа және заманауи трендтер», «XXI ғасырдағы қазақ тілі және бүгінгі мүмкіндіктері» сияқты тақырыптарды ортаға салды.

«АҚШ-тың түрлі штатында, тіпті ең ірі Нью-Джерси, Нью-Йорк, Вирджиния, Калифорния сияқты орталықтарында қазақтар саны артып келеді. Олардың дені білім іздеп барған жастар мен Түркия, Германия сынды өзге мемлекеттерден қоныс аударған азаматтар. АҚШ-тағы қазақтар өзінің



“

Әлемнің түкпір-түкпірінен келген беделді 200-ге жуық делегаттың бір ортада бас қосуына мүмкіндік туғызылып отыр.

Бұл форум осымен екінші рет өтуде. Бұған дейін 2019 жылы ұйымдастырылған болатын.



қазақ екеніне мақтанады. Себебі олар түрлі мәдени орталықта бас қосып, ұлтымыздың өнері мен салт-дәстүрін

үнемі дәріптеп жүреді. Сонымен қатар көбі сол елде өте танымал компанияларда жемісті қызмет атқаруда. Бейресми ақпараттардың мәліметінше, АҚШ-та 100 мыңнан астам қазақ өмір сүріп жатыр. Олар бір-бірімен тығыз байланыста. Мұндай алқалы басқосулар өзге елдердегі қазақтардың ынтымағын арттырып, Отанға деген сүйіспеншілігін ұлғайтары сөзсіз», – дейді форумға қатысушы спикер әлемдік Google компаниясының инженері Арай Сабыржан.

Саясаткер, редактор, зангер және журналист, Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісінің заң шығару палатасының бұрынғы депутаты, ӨР Табиғи ресурстар министрінің кеңесшісі Расул Күшербаев Өзбекстандағы қазақ диаспорасының қазақша білім алуына Қазақстан тарапынан қолдау қажеттігі туралы мәселе көтерді. Оның айтуынша, өзбек жеріндегі 300-ден астам қазақ мектеп-



терінің қазақша оқулықтармен қамтылуы және қазақ мектебі үшін мұғалім даярлайтын ЖОО-лардың жоқтығы Өзбек еліндегі этникалық қазақ қауымы үшін қиынға соғып отыр. «Өзбекстан мен Қазақстан елдерінің ЖОО дипломдарының екі елде бірдей мойындалуы екіжақты бірлесіп шешілетін басты мәселенің бірі болып тұр», – дейді Расул Күшербаев.

«Отандастар» қоры жыл сайын шетелде тұратын жүздеген этникалық қазақ баласын Қазақстандағы жазғы лагерлерге шақырады. Мұнда мектеп оқушылары тіл үйреніп, тарихи орындарды аралап, ұлттық салт-дәстүрмен танысады. Бұл – өзге елдегі қазақ жастарының Отанға деген ықыласын ояту. Алдағы уақытта мұндай жобалардың саны да артып, түрлі бағыттарды даму көзделуде. Бұл болашақтағы мүмкіндіктер форумға қатысушылардың қызығушылығын оятып, барынша өз тараптарынан қолдау білдіретінін де жеткізді.

«Біз Моңғолияда бір қауым ел болып өмір сүріп отырмыз. Дегенмен осында жиналған әр қазақтың бойындағы рух, жүрегіндегі от, арқасындағы тіреуі – бұл

Отанымыз Қазақстан. Біз Қазақстанның өзіндік өркендеуі мен дамуына өзмізше үлес қосқымыз келеді. Ол үшін екі елдегі қазақтың мүддесі бір болуы керек. Қазақ деген ұлт әлемде біреу ғана. Қазақты қытайлық немесе түркиялық және мұңғалдық деп бөлмеуіміз қажет. Мақсат мүддесі бір болған соң барлығымыз бір қазақпыз. Енді осындай үлкен шаралардың ұйымдастырылуы бәрімізді бір арқаландырып жібергендей болып отыр», – дейді форумға қатысушы ақын Байыт Қабанұлы.

Форумға мүддесі бір, мақсаты айқын, ойы ұшқыр жастар да, өнерде өз ізі қалыптасқан өнерпаз да, білімі асақ ғалым да, білігі мықты дәрігер де, өз ісін алға сүйреген кәсіпкер де қазақтың келешегінің кемел болуы үшін «бір жағадан бас шығарып» жұмылудың бүгінгідей алмағайып уақытта аса маңызды екенін айтты. Келешекте мұндай форумдардың әр сала бойынша да ұйымдастырылуы керек екені де айтылды. Бір алаңға әлемнің түкпір-түкпірінен келген көп қазақты жинаған бұл форум қалай болғанда да жаһанды жайлаған қазақ баласын табыстыра түсетін шаралардың бірі.



Жер ұйығы Жетісудың жаунары, құт қонған Күреңбел аймағының алтын алқасы Алтынемел тауларында өткен ғасырдың 90-жылдары ұлттық табиғи парк құрылған.

«Алтынемел» ұлттық табиғи паркінің флорасы мен фаунасы өз еліміздің табиғат жанашырларына ғана емес, алыс-жақын шетелден жиі келетін қонақтарға да таңдай қақтырады. Қорықтағы жабайы жануарлар ішінде сол алғашқы құрылған кезден бастап қорғауға алынған құландардың орны ерекше. Қазір олардың саны айтарлықтай өсіп, парк аумағында үйір-үйір болып жортады. Одан басқа да «Қызыл кітапқа» енген жануарлар мен өсімдіктер жетерлік. Жалпы, бүгінде ұлттық табиғи парктің ісі ілгерілеп отыр. Осыны жалпақ жұртқа паш ету мақсатында қорыққа арнайы шақырылған 300-ге жуық турист тұз тағысы құландарды көріп, таңғалып қайтты. Дүниежүзілік жануарларды қорғау күні аясында Visit Zhetysay ақпараттық туристік орталығының қолдауымен Жетісу облысында тұңғыш рет ұйымдастырылған «Алтынемел — құландар өлкесі» фестиваліне келушілер табиғаттың небір тамашасына куә болуға жол ашқандарға алғыстарын жаудырды. Бүгінде ұлттық парктегі құландар саны 3,5 мыңнан асады, олардың бұлай шоғырлануы елімізде тек осы парктің аумағында ғана кездеседі.

Ұлттық табиғи парктің бас директоры Қуат Байтұрбаевтың айтуынша, құландың қазақстандық түр тармақтары өткен ғасырдың 30-жылдарында жойылып кеткен деген болжам айтылады. Оған сол жылдары жаппай браконьерліктің белең алуы мен қарқынды дамыған мал шаруашылығын өркендету мақсатында жабайы жануарлардың ежелгі табиғи мекендерінен ығыстырылуы себеп болған көрінеді. Осынау алаңдатарлық күрделі жағдайдың күрмеуін тарту үшін жарты ғасырдан астам уақыт бұрын ғалымдар құланды реинтродукциялау жобасын қолға алып, елімізге түркімен құландары жеткізілген еді. Қазір олардың саны өсті. Соңғы жылдары жұрт Пржевальский жылқысы деп кеткен, казак даласын ежелден мекендеген керкүландар да әкелініп, жерсіндірілуде.

ҚҰЛАНДАР ҚАЙТА ЖОРТАДЫ



— 70-жылдардың соңында түрікмен құландарының саны небәрі 27 бас болған, ал қазір 3 566-ға жетті. Бұл ғалымдардың, ұлттық парк қызметкерлерінің, жергілікті халықтың осы түрді сақтап, көбейтуге бағытталған көпжылдық бірлескен жұмысының нәтижесі екені сөзсіз. Соның арқасында алдағы кезде біз құландың осынау түрін қоса алғанда, жабайы жануарлардың сирек кездесетін басқа да биологиялық түрлерін басқа аймақтарға тарата аламыз. Бүгінде дейін 304 құланды резерваттарға жататын «Алтынемел» паркі ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралары нысандары тізіміне енгізілді. Қазір ұлттық паркте құстардың 260 түрі мекендейді, сонымен бірге қорық аумағында Қазақ-

станның «Қызыл кітабына» енген сирек кездесетін және жойылып бара жатқан сүтқоректілердің 30 пайызын кездестіруге болады. Ардагер қызметкерлер бүгінде әлемдегі жабайы жылқының ең ақырғысы саналатын Пржевальский жылқылары да Қазақстан бойынша тек осы ұлттық парк аумағында кездесетінін айтады. Сондай-ақ Алтынемел аумағы — қазір жалпы барлық түріне жойылу қаупі төніп тұрған қарақұйрықтардың төлдейтін жері. Ұлттық паркте құландар мен қарақұйрықтар популяциясының өсу қарқыны байқалады. Мұнда олардың абсолюттік есебі жүргізіледі, соған сай есептің нақтылығы шамамен 90 пайыздан жоғары. Тағы бір айта кетерлігі, ұлттық паркте ашық аспан астындағы мұражай да бар.

Қоршаған ортаны қорғауға, сирек кездесетін аң-құстарды сақтап қалуға ықпал етуге тиісті шарапатты шараны ұйымдастырушылар бір күндерін табиғи паркті тамашалауға арнағандардың көргендері мен көңілге түйгендерін мың-

дарға жеткізу арқылы еліміздегі туризмнің дамуына оң әсер етеді деп пайымдайды. Келгендер көңілінен шыққан сафари фестивалін өткізуді геопарк құруға жасалған қадамдардың бірі, қоршаған ортадағы биоалуандықты, сирек кездесетін түрді сақтауға, табиғатқа жанашырлықпен қарауды насихаттауға және жалпы өңірде экологиялық туризмді дамытуға бағытталған шара деп санауға болады. Ұлттық парк аумағында биылғы маусым айында ашылған визит-орталық та осы бағыттағы игі мақсаттарды іске асыруға ықпал етуде. Визит-орталықтың кафесі бар, Wi-Fi қосылған, мұнда арнайы кәдесыйлар да сатылады. Маңында әңгіме-дүкен құрып, демалатын шағын шатырлар, жануарларды сырттай бақылауға арналған шолу мұнарасы, бағыттағыштар мен ақпараттық қалқандар орнатылып, 10 глемпинг салынған. Соның арқасында табиғи парк, оның флорасы мен фаунасы, геологиялық және мәдени-тарихи көрнекті орындары, жаяу жүру бағыттары және жүріп-түру мен қауіпсіздік ережелері туралы толық ақпарат алып қана қоймай, сонымен қатар гид-экскурсоводтың қызметіне тапсырыс бере аласыз. Экскурсияға шығып, тіпті түнеуге де қалуға болады. Бұл жобаға шамамен 2 млрд теңге инвестиция тартылды.

— Индетке дейін біздің ұлттық саябаққа жылына 35 мыңға дейін турист келетін. Өткен жылдары тым азайып кетті. Биыл қайта жанданып, 16 мыңнан астам адам келді. Сонымен қатар мемлекеттік қолдаудың арқасында қызметкерлер құрамы ұлғайтылып, жалақы 100 пайызға өсті. Материалдық-техникалық базаны дамытуға да көңіл бөлінуде. Мысалы, биыл өрттің алдын алу үшін 10 трактор сатып алынды. Мұның бәрі ұлттық паркке деген қызығушылықты арттыруға ғана емес,



оның одан әрі дамуына, ең бастысы — бірегей табиғатымыздың биоалуантүрлілігін сақтауға ықпал етеді, — дейді ұлттық парктің бас директоры.

Фестивальде Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі өнер көрсетті. Музыканттардың ашық аспан астындағы концертті даланы ерекше күйге бөледі. Сондай-ақ спорттық жарыстар ұйымдастырылып, жеңіске жеткендер марапатталды. Фестивальді көрермен ретінде жақын маңдағы мектептердің оқушылары, жергілікті тұрғындар, ардагерлер мен ұлттық парк қызметкерлері, сондай-ақ аудан басшылығы, Зоология институтының, «Тұран» телеарнасының, туристік ұйымдар мен БАҚ өкілдері, барлығы 300-ге жуық адам тамашалады.

Жетісу облысында «Алтынемел» және «Жоңғар Алатау» Мемлекеттік Ұлттық парктің әлеуеті негізінде экологиялық туризмді дамытуға мүмкіндік бар. «Алтынемелдің» басты көрнекті жерлері — әнші «Айғайқұм», «Бесшатыр» қорғаны, Ш.Уәлиханов бұлағы, Ақтау және Қатутау таулары, Жасылкөл көлі. «Жоңғар Алатау» табиғи ұлттық паркінің аумағында да туристерді қызықтыратын орындар жетерлік. Бұл паркті дамытуға да 1,6 млрд теңге инвестиция тартылып, сегіз жоба іске асырылуда.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

ҰРЛАНҒАН МАЛ ҚҰТАЙМАС



Батыс Қазақстан облысында мал ұрлығы 14 пайызға өскен. Бұл туралы облыстық құқықбұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссияның кезекті отырысында айтылды. Комиссия отырысына облыс әкімі Нариман Төреғалиев төрағалық етті. Жиында мал ұрлығы және ауыл шаруашылығы жануарларының қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының алдын алу мәселесі талқыланды.

Батыс Қазақстан облысы — мал шаруашылығының дамуы бойынша республикада алдыңғы қатардағы өңірлердің бірі. Ауылдық жердегі ағайынның басты табыс көзі де осы — мал шаруашылығы. Алайда соңғы жылдары ауылдық ағайынның жалғыз табыс көзі ұрықарылардың пайдасына айналып отыр. Биылғы жылғы есеп бойынша аймақта мал ұрлығы айтарлықтай өскен.

— Осы жылдың 8 айында мал ұрлығы 14,8 пайызға өскен. Былтыр осы уақытта 108 факт тіркелсе, биыл 124 мал ұрлығы фактісі тіркеліп отыр. Өкінішке қарай, мал көбіне еркін жайылымнан ұрланады. Аудан әкімдері ауылдық жердегі мал бағу шаруасын күшейту керек, — деді облыс әкімі Нариман Төреғалиев.

Иә, расымен де мал көбіне еркін жайылымнан ұрланады. Бұл бірнеше жылдардан бері айтылып келе жатқан сөз. Мал ұрлығы ең көп тіркелген аудандардың бірі — Сырым ауданы.

Комиссия отырысында аудан әкімі Жұмағелді Батырнязовтың есебі тыңдалды. Аудан әкімінің баяндамасынан аңғарғанымыз, Сырым ауданында тек

мал ұрлығы ғана өсіп отырған жоқ, сонымен қатар жануарлардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғалары да өскен. Мысалы, былтыр осындай уақытта бес факт тіркелсе, биыл 16 оқиға тіркеліпті. Одан сегіз адам жаракат алып, бір адам қаза тапқан.

— Өкінішке қарай, мал ұрлығы азаймай отыр. Оның басты себебі — малдың бағылмауы. Аудан бойынша биыл 26 мал ұрлығы тіркелді. Оның 11-і ашылды. Ауылдық жердегі мал бағуды ұйымдастыру жұмыстарын қолға алып жатырмыз. Қазір 12 ауылдық округте 16 бағытқа бақташы шығарылды. Мал ұрлығының алдын алу және болдырмау мақсатында иесіз немесе бағымсыз жүрген малдарды қамау үшін 11 уақытша қамау орындары ашылды. Ауыл шаруашылық жануарларын бағу ережесін бұзғаны үшін Әкімшілік құқықбұзушылық заңнамасына сәйкес 153 ұй жануары иелері әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 1 097 100 теңге көлемінде айыппұл салынды, — деді Сырым ауданының әкімі Жұмағелді Батырнязов.

Мал ұрлығы бойынша Ақжайық және Бөкей Ордасы аудандары да алдыңғы қатарда тұр. Жалпы, өңірде Бөкей Ордасы — малды аудандардың бірі. Өрісі малға толы Нарын топырағында малдың ұрлануы да көп болып тұр. Бөкей Ордасы — басқа аудандардай емес, мал қыстақта ұзақ тұрмайтын аудандардың бірі. Ауданда мал қысы-жазы далада жайылады. Өрі Ресеймен шекаралас аудан. Малдың шекара асып кетуі қауіп де бар.

Биыл Бөкей Ордасы ауданында 11 мал ұрлығы оқиғасы тіркеліпті.

— Ол былтырғы жылмен салыстырғанда екі есеге көп, — деді аудан әкімінің міндетін атқарушы Біржан Менешов.

«Шекаралас аудандардағы мал бағу ережесі де жиі бұзылады», — деді отырыста сөз алғандар. Батыс Қазақстан — Ресеймен шекаралас өңір. Аудандардың көбісі Ресейдің ауылдарымен шекаралас жатыр. Бағысыз жүрген мал шекараны кесіп өтіп, Ресей асып кеткен кездері жиі болып тұрады. Сол малды өз бетінше кері айдап қайтарып аламыз деп шекарашыларға ұсталып, қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамдар да бар.

Облыстық Полиция департаментінің басшысы Арман Оразалиевке: «Мал ұрлығы неге азаймайды?» — деп сұрақ қойды.

— Мал ұрлығы қылмысын ашуда аса бір қиындықтар жоқ. Біз тіркелген қылмыстарды 70-80 пайызға ашып отырмыз. Мысалы, биыл 124 мал ұрлығы фактісі бар десек, оның ішінде өткен жылдардан ашылмай келе жатқан қылмыстар. Бұдан бөлек, ауылдық жерде адамдар малдарын дұрыс тіркемейді. Мәселен, 10 сиырым, бір жылқым бар деп тіркеп қояды. Кейін үш жылқым жоғалып кетті деп шағым түсіреді. Ал ол кісіде тіркеуде тек бір жылқы ғой. Осындай фактілер тергеуде кейде келдергі келтіреді. Сондықтан да ауыл адамдары малды таңбалап, дұрыстап тіркесе жақсы болар еді, — деді департамент басшысы.

Ауыл шаруашылығы жануарларының қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларын тергеуде де дәл осыған ұқсас қиындық бар екен.

— Жануарлардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларын тергеудің өзіндік қиындығы бар. Ауылдық жерде адамдар малға сырға салады. Бірақ көлік апаты болған жерде біз малдың құлағындағы сырғаны кесіп тастағанды байқамаймыз. Олар жол-көлік апатынан келген шығынды өтеуден осылайша қашады. Малдың не жамбасында таңбасы, не сырғасы жоқ, айналып келгенде иесін таба алмаймыз. Қараусыз жүрген малдың кесірінен біреудің өмірі қиылатынын өкінішке қарай ауылдағы ағайын түсіне бермейді, — дейді БКО ПД басшысы Арман Оразалиев.

Аймақ басшысы жиында: «Жалпы мал бағу мәдениетін дұрыстап қалыптастыру керек. Әр адам өз қорасындағы малдың амандығына жауапты. Таңерттен өріске айдап кешкісін түгендеп алулары керек. Еркін жайылымға жіберіп қойып отырмасын. Ауыл әкімдері ірі кара малдарын бағатын бақташыларды шығарып, осыны ұйымдастыру керек. Әсіресе, шекаралас ауылдардағы мал жаю ережесіне мұқият болыңыздар», — деп қорытындылады өз сөзін.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

ҚОЙ ЖҮНІНЕ КӨКӨНІС ЕКТІ



Қызылордалық тұрғын бақша дақылын егудің ерекше тәсілін қолданып келе жатқанын айтады. Өзі Қызылорда облысының Мәдениет және спорт басқармасына қарасты Қармақшы ауданының №16 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі Ақжар ауылдық бөлімшесінде жұмыс істейді екен. Жұмыстан тыс уақытында ерте көктемнен бастап үйінің ауласына көкөніс сынды бақша дақылын өсіріп, күтіп-баптауды сүйікті ісіне айналдырған.

Ауыл тұрғыны жыл сайын бақшасын жайқалтып, берекелі күзде мол өнім алуды мақсат тұтады. Бірақ соңғы жылдары өңірдегі су тапшылығы қолбайлау бола бастаған. Аяқсуға зәрулік қыспаққа алған тұста тығырлықтан шығу жолын іздеп, ұзақ ойланады. Ақыр соңында, жерасты суын кәдеге жаратуға бел буыпты.

«Су тапшылығына байланысты егін егу қиындап кетті. Бірақ қол қусырып қарап отыруға да болмайды. Ойлана келе, көкөніс дақылын егудің тың тәсілін қолданып көруге бел будым. Осы мақсатта қойдың жүнін кәдеге асырдым. Тәжірибемен бөлісер болсам, алдымен жерге қойдың жүнін төсеп, үстіне картоп тұқымын тастадым. Содан соң оны сабанмен жауып, көң қосып көмдім. Нәтижесі өзім ойлағандай болды. Төп-тәуір өнім алдым», — дейді ол тәжірибесімен бөлісіп.

Қойдың жүні арқылы көкөніс егудің бұл тәсілін ғаламтор желісінен көргенін жеткізді. Бүгінде нәтижесі ауылдастарын таңғалдырып отыр.

Ербакыт ЖАЛҒАСБАЙ
Қызылорда облысы



Мың бодулы Бурабай

Бурабай жер бетіндегі сирек кездесетін табиғаты бар географиялық нүкте ретінде кеңінен танымал. Туристер жиі келетін орындар қатарында ұлттық парктің Көкшетау, Бөлектау таулары, Жұмбақтас жартасы, Абылайхан алаңы, Бурабай, Шучье, Үлкен және Кіші Шабакты көлдерінің жағалауларын атауға болады. Жұырда осы бір Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасына қарасты «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне баспасөз сапары өтті.

Наурызбек САРША

Жалпы аумағы 129 299 гектар болатын «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі 23 жыл бұрын Үкімет қаулысымен құрылған. Осы 23 жыл ішінде табиғи ортаны сақтау және қорғау саласында елеулі жетістіктерге қол жеткізілді. Мекеме өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және осал түрлерін қорғау бағдарламаларын жүзеге асырды, ғылыми институттармен, білім беру ұйымдарымен және мемлекеттік құрылымдармен белсенді жұмыс істеді.

Сапар аясында БАҚ өкілдері «Бурабай-Даму» ЖШС ұйымдастыруымен өтіп жатқан дәстүрлі «Бурабай тұқы-2023» турнирін тамашалады. Балықшылар жарысында Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген командалар Қотырқөл көлінен



тұқы балығын аулап жарысты. Сайыс ережесі бойынша, балықшылар ұстаған балығын суретке түсіріп, салмағын өлшеп, қазылардың есебіне тіркеткен соң, бірден суға жібереді. Қазылар салмағы 1,5 килограмдан асатын балықтарды ғана есепке алады.

Бұл турнир бұрын еліміздің өзге өңірлерінде өтетін. Биыл Ақмола облысында алғаш рет ұйымдастырылып отыр. Ереже бойынша, әр команда екі балықшыдан тұрады. Біздің жарысқа еліміздің көптеген облыстарынан 30 команда келді. Талап бойынша балықтың салмағы 1,5 келі болуы шарты. Егер балықтың салмағы 1,5 келіден көп немесе аз болса, қайтадан көлге жіберіледі. Себебі үлкен балықтар көп жағдайда аналық болып келеді. Олар уылдырық шашатын болғандықтан аулауға тыйым салынған. Ал кішкентай балықтардың өсуіне мүмкіндік беру керек, — дейді «Бурабай-Даму» серіктестігінің туризм және маркетинг бөлімінің бас менеджері Олжас Данияров.

Әуесқой балықшылардың арасындағы екі күнге созылған турнир ақырында өз мәресіне жетіп, жеңімпаздары анықталды. командалық есепте бірінші орынды Петропавл қаласының «Tender+» командасы жеңіп алды. Олар жалпы салмағы 6540 грамм балық аулады. Екінші орынды Астанадан келген «Қазақстан балықшылары 2» командасы иеленсе, үшінші орын «Бурабай» командасына бұйырды. Родина ауылынан келген Игорь Жмурик 3 860 грамм балық ұстап Big Fish номинациясын бойынша жеңімпаз атанды. Алдағы уақытта да мұндай жарыстар жалғасын табады дейді, ұйымдастырушылар.

Сондай-ақ журналистер «Мирный» орман шаруашылығына барып, Ұлттық парк қызметкерлерінің жануарларға қысқы жемшөп дайындау барысымен танысты. Марал шаруашылығына да барды. Шаруашылықта 200 басқа жуық марал өсіріледі. Барлық бұғы-маралдарға үнемі ветеринарлық бақылау жасалады. Аскания бұғыларының тыныс-тіршілігін бақылады. Аскания бұғысы — бұл Украинаның Аскания-Нова қорығындағы қызыл бұғының әртүрін бұдан да астамы арқылы алынған бұғының бір түрі. Бұл бұғылар Қазақстанға 1983 жылы әкелінген. «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағында Аскания бұғысының 1 300-ден астам дарағы мекендейді. Мұнда Асқан бұғыларынан басқа, елік, бұлан, марал саны да артқан екен. Мәселен, 2008 жылы 1 074 бас елік болса, ал 2022 жылы 1 485 басқа жеткен. Он жыл ішінде аша тұяқты жануарлардың ірі түрлерінің бірі — бұлан саны болса 4 есе өскен екен.

Жалпы, жануарларға күтім жасау «Бурабай» МҰТП қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Орман шаруашылықтарында жануарларға жемшөп салуға арналған 15 жана астау қойылып,

Евгений Архипов журналистерге аң-құстарға арналған фототүзактардың қалай қойылатынын көрсетіп, оның маңызды ролі туралы айтып берді.

Фототүзак арқылы жергілікті аң-құстардың санын, өсімін, қай жерлерде жиі кездесетінін, жалпы тыныс-тіршілігін зерттейміз. Өздерінің көріп тұрғандай, ағаш дініне 1 метр биікке бекітеміз, сонда бұлан, марал сияқты ірі аңдар ғана емес, сілеусін, сусар сияқты шағын аңдар да кадрға ілінеді, — дейді Евгений Архипов. Оның айтуынша, фототүзакқа кейде табиғат ережесін бұзған адамдар да түсіп қалады екен.

Жалпы, фототүзактар ең көп таралған «кейіпкерлері» — бұғы, елік, бұлан, қауырсындылардан барылдауық үйрек, қыран, тырна. Фототүзактардың жұмыс істеуінің барлық уақытында камераға сүтқоректілердің оннан астам түрі, соның ішінде сирек кездесетін немесе жойылып бара жатқан фауна түрлерінің өкілдері де түседі. Мәселен, 2020 жылдың маусымында Бурабай орманшылығының аумағында бақалтақ қыран, 2021 жылы сілеусін, ал 2022 жылдың жазында Қызыл кітапқа енген сұр тырна камераға түскен екен.

БАҚ өкілдері «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің құрылымдық бөлімі саналатын Марал шаруашылығына барды. Шаруашылықта 200 басқа жуық әсем жануар бар. Барлық бұғы-маралдарға үнемі ветеринарлық бақылау жасалады. Пантотерация орталығына қажетті емдік өнім алынады.

Журналистер 60 жылға жуық уақыттан бері халыққа қызмет етіп келе жатқан «Оқжетпес» емдеу-сауықтыру кешеніне де бас сұқты. Шипажай тарихы сонау 1964 жылы қолайсызда нөмірлері бар үш қабатты бір ғана ғимараттан басталып, бүгінде үздік шипажайлар тізімінде көш бастап келеді. «Оқжетпес» кешенінің басты артықшылығы — оның Қазақстанның інжу-маржаны Бурабайдың жүрегінде, Шучье-Бурабай курорттық аймағының ең әдемі көлінің жағасында орналасуы. Манайында ерекше көрікті табиғи жерлер, Бурабайдың айнасы — ертегі жартас Оқжетпес пен Жұмбақтас орналасқан. Қарағай орманының арасында небәрі үш минуттық жерде аңызға айналған Абылайхан алаңы да орналасқан. Кешен қазіргі заманғы емдеу-диагностикалық базамен толықтырылған табиғи бірегей факторлар: қарағай орманының экологиялық таза ауасы, Балпаш сор көлінің емдік балшығы және «Май Балық көлінің минералды суы, радонды терапия, қымызбен емдеу, «Құлагер—Арасан» минералды суы жүрек-қан тамыр жүйесі, тыныс алу мүшелері, тірек-қимыл аппараты, ас қорыту, қан айналымы, эндокринді және жүйке жүйесі ауруларын, урологиялық және гинекологиялық ауруларды емдеуге және оналтуға мүмкіндік береді. Медициналық ғимараттар білікті кадрлармен және жана медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған. Бұл кешен — Қазақстанда қойып, Орталық Азиядағы European Quality Award сертификатын алған алғашқы санаторий екен. Бытырдың өзінде мұнда 10 мыңнан астам демалушы келген.

«Мың бояулы Бурабай» баспасөз сапары аясында Ұлттық парктің аға ғылыми қызметкері



АҚТӨБЕДЕ ҮШЕМ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ

Ақтөбе облысы Темір ауданы Шұбарқұдық ауылында тұратын Жарқынғұл мен Әсет Сатаевтар бір сәтте жеті баланың ата-анасы атанды. Үшемнің үшеуі де ұл.



Нәрестелердің есімін әке-шешесі Мұстафа, Мүслім, Мұхаммед деп қойыпты. Денсаулықтары жақсы. Бірінші боп дүниеге келген Мүслімнің салмағы 1 700 грамм, бойы 40 см болса, екінші бала Мұстафа 1 350 грамм, 35 см боп туылған, ал үшінші бала Мұхаммедтің салмағы 1 470 грамм, бойы 38 см.

Үшемнің анасы перинаталдық орталыққа 12 қыркүйек күні жүктіліктің 31 апталығында жеткізіліпті. Дәрігерлер оны операция арқылы 12 сағаттан кейін таңғы жеті жарымдарда босандырып алыпты. Айта кетсек, соңғы 2 жылда бұл Ақтөбе облысында дүниеге келген төртінші үшем екен.

СЕМСЕРЛЕСУШІЛЕР АЛМАТЫДА БАС ҚОСТЫ

Қазақстанда алғаш рет Азия семсерлесу конфедерациясының (FCSA) отырысы өтті.

XXXV Бас Ассамблеяда құрлықтағы семсерлесуді дамытуға қатысты мәселелер талқыланып, маңызды стратегиялық шешімдер қабылданды. 2024—2025 жылға арналған негізгі азиялық жарыстардың өткізілу мерзімі мен орны бекітілді. Сондай-ақ отырыс барысында Мирболат Әбуов Азия семсерлесу конфедерациясының вице-президенті болып тағайындалды.

«Азиялық семсерлесу конфедерациясы әлемдік семсерлесу аренасында маңызды орын алады. Бас ассамблеяны Қазақстанда өткізу тұрғысында біз осы тұсқа баса мән беріп отырмыз. Негізгі мақсатымыз — аймақтағы семсерлесу спорты алдына негізгі міндеттерді қою.

Алматыда ынтымақтастық пен бірлік үлкен жетістіктерге жетелейтін дәлелдеу үшін бірігіп отырмыз. Біз өңірде және одан тыс жерлерде семсерлесуді дамыту бойынша жұмысты жалғастыруға дайынбыз», — дейді Ұлттық семсерлесу федерациясының президенті Мирболат Әбуов.

Азия конфедерациясы басшылығына Қазақстан өкілінің қосылуы құрлықта ел мүддесін тиімді қорғауға мүмкіндік бермек. Оның үстіне, Азия, Африка және Панамерикалық семсерлесу конфедерациялары арасындағы Құрлықаралық ынтымақтастық туралы келісімге қол қою да ерекше оқиға болып отыр. Бұл қадам әртүрлі құрлықтағы семсерлесушілердің байланысын нығайтып, бұл спорттың одан әрі дамуына үлес қоспақ.

ОҚУШЫЛАР — ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ



Қазақстандық оқушылар Сингапурда робототехникадан өткен FIRST Global Challenge атты еркін чемпионатта рекорд орнатты. Осылайша, олар әлем чемпионы атанды.

FIRST Global Challenge — жыл сайын өтетін олимпиадалық үлгідегі жаһандық робототехника чемпионаты. Ол әр жылы әр елде өтеді. Бұл жолы жарысқа әлемнің түкпір-түкпірінен 190-нан астам ел келіп қатысқан екен.

«Біз Сингапурға Қазақстанның түкпір-түкпірінен ұлттық кезеңде 200 оқушының ішінен іріктелген мықты командалы алып келдік. Біздің команданың алдында өткен жылғы Женевадағы тарихи жеңісті қайталау міндеті тұрды. Олар оны ойдағыдай орындап,

ұпай саны бойынша әлемдік рекорд орнатты. Одан өзге, командамыз халықаралық ынтымақтастық орнатқаны үшін төрешілердің марапаттарына ие болды. Бұл біз үшін үлкен мақтаныш. Қазақстандағы робототехника жыл сайын халықаралық брендке айналып келеді», — дейді USTEM Foundation қоғамдық қорының жетекшісі Асылбек Мырзахметов.

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, Қазақстан құрама командасы сапында Алматы қаласындағы ФМБ НЗМ оқушылары — Нұрислам Тұрғынбай, Нұрсұлтан Жанзақов, Сергей Ипанов, Дәмелі Шаймерденова және Иманәлі Көксал бар. Ұлттық құраманың бапкерлері — Бекзат Инкәров пен Нұрәулет Досмағамбет.

NUR MEDIA
МЕДИАХОЛДИНГ

AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Асқар БЕК —
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТЛШЛАЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫБАҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН —
Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛАҒСАБЫ —
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 35102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 45102
Жеке жазылушылар үшін — 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:

8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4362

Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Аматты-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114